

ОЙСЫРАП ТҮР
КӨҢІЛДЕГІ
ОРНЫҢЫЗ...

5-бет

МЫС ПАТШАЛЫҒЫНДА

ҚАРҒАЙЫН ДЕСЕМ ЖАЛҒЫЗЫМ,
ҚАРҒАМАЙЫН ДЕСЕМ
ЖАЛМАУЫЗЫМ

6-бет

КӘСІП пен НӘСІП

БІР
ФЕРМЕРДІҢ
ДАМУ ТАРИХЫ

9-бет

СҮЙІНШІ! ҰЛЫТАУ ОБЛЫСЫ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!

ЖАҢА ҚАЗАҚСТАН: ЖАҢАРУ мен ЖАҢҒЫРУ ЖОЛЫ»

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт ТОҚАЕВТЫҢ Қазақстан халқына Жолдауы

**Қымбатты отандастар!
Қадірлі қауым!**

Бүгінгі Жолдаудың мән-маңызы айрықша. Оның арқалайтын жүгі бір жылмен шектелмейді, ауқымы кең, мазмұны да бөлек. Біз алдымызға биік мақсаттар қойып отырмыз. Өздеріңізбен бірге Жаңа Қазақстанды құруға кірістік.

Баршаңызға мәлім, былтыр егемендіктің маңызды белесіне жеттік. Тарихи өлшеммен қарағанда 30 жыл тым көп уақыт емес. Халқымыз Тұңғыш Президент Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың басшылығымен осы кезеңде ауқымды жұмыс атқарды, көптеген табыстарға қол жеткізді.

Алайда, береке-бірлігімізді сақтамасак, жетістіктеріміздің бәрінен айырылып қалуымыз мүмкін. Қаңтардағы дүрбелең кезінде бұған көзіміз анық жетті. Бұл оқиғалар бүкіл қоғамды дүр сілкіндірді. Халқымыз бұрын-соңды болмаған қауіп-қатермен бетпе-бет келді. Мемлекетіміздің тұтастығына және егемендігімізге зор қауіп төнді. Осы күндерде жұрттымыз Тәуелсіздіктің қадір-қасиетін жан-жүрегімен сезінді. Татулық пен тұрақтылық, тыныштық пен бейбітшілік қаншалықты маңызды екенін жете түсінді.

Біз мызғымас бірліктің арқасында мемлекетімізді қорғап қалдық. Уақтылы және батыл шешім қабылдап, лаңкестерге тойтарыс бердік.

Мен қашанда бәрі ашық айтып жүрмін.

Індет кезінде қалыптасқан ахуал жөнінде жұртшылыққа үнемі ақпарат беріп отырдым. Кешегі қатерлі күндерде Мемлекет басшысы ретінде халыққа арнап бірнеше үндеу жасадым. Барлық жағдайды азаматтарымызға жан-жақты түсіндіріп, жеткіздім. Әрбір шешімді еліміздің мүддесіне сай қабылдадым. Бұл – мен үшін бұлжымас ұстаным.

Өкінішке қарай, бүлікшілердің, қарақшылардың, лаңкестердің кесірінен қаншама азаматымыз қаза болды. Мен қара жамылған отбасылардың қайғысына ортақтасып, тағы да көңіл айтамын. Біз мұндай жағдай енді ешқашан қайталанбауы үшін бәріміз жауапкершіміз.

Қазаққа «Өткен күннен алыс жоқ, келер күннен жақын жоқ» деген сөз бар. Біздің парызымыз – қанды қылмыс жасалғанын ұмытпай, барлық содырлар мен лаңкестерді жазаға тарту. Халқымыз осы оқиғадан сабақ ала білуі керек. Елдің тыныштығын бұзып, қауіпсіздігіне нұқсан келтіретін әрекетке ешқашан жол бермеуге тиісіз.

Ашығын айтсақ, қазір қоғамда түрлі қауесет тарауда. Бұл ахуал жалған түсінік қалыптастырып, елді адастырады. Сондықтан өткен оқиғалар туралы нақты мәліметті жариялап, оған баға беру өте маңызды.



зды. Тіпті, қасиетті парызымыз деуге болады. Жұрт оның астарына үңіліп, себебін терең түсінуі қажет.

Күні кеше ғана Парламент қабырғасында арнайы тыңдау өтті. Онда құқық қорғау органдары тергеу қорытындылары туралы толық есеп берді. Турасын айтқанда, мұндай кең ауқымды талқылау ешқашан болмаған. Депутаттарға және бұқаралық ақпарат құралдарына бәрі ашық айтылды. Қоғамды мазалаған сұрақтарға жауап берілді. Бұл қаңтар оқиғасына әділ баға беруге, ең алдымен, биліктің мүдделі екенін көрсетеді. Мен мұны толық қолдаймын, біз ақиқатты айтуымыз керек. Бұл – менің жеке қағидамым.

Қазір тергеу жұмыстары жүргізіліп жатыр. Осы мәселемен арнайы Мекемеаралық шұғыл тергеу тобы айналысуда. Құқық қорғау органдарына жасалып жатқан жұмыс нәтижесін үнемі жариялап отыруды тапсырамын.

Қасіретті қаңтар оқиғалары мен одан кейінгі төтенше жағдай кезінде түрлі құқық бұзушылықтар жасағаны үшін екі мыңға жуық адам ұсталды. Мен сол кезде Бас прокуратураға олардың қандай кінәсі барын анықтауды және ауыр қылмысы болмаса, жазасын жеңілдетуді тапсырдым. Соның нәтижесінде көптеген азаматтар қамаудан босатылды.

Ал, нағыз қылмыс жасаған адамдар заң алдында толығымен жауап береді. Басқаша әрекет ету, яғни, қосақ арасында бедел жинау үшін байбалам салып

жүргендер мен арандатушыларға жеңілдік жасау – жазықсыз құрбан болған жандардың аруағын сыйламау деген сөз.

Бірнеше жүз адамның үстінен қылмыстық іс қозғалды. Біз құқық қорғау органдарының қызметкерлері ұсталған адамдарды тергеу барысында тыйым салынған тәсілдерді қолданғаны, тіпті оларды азаптағаны туралы фактілер болғанын ашық айттық. Орта ғасырлардан қалған осындай жабайылық кез-келген өркениетті қоғамның қағидастарына қайшы келеді. Бұл біз үшін де мүлде жат қылық. Мұндай сорақы оқиғалар болғаны жайлы айтыла бастаған сәтте-ақ, мен оны мұқият тексеруді тапсырдым.

Сонымен бірге Адам құқықтары жөніндегі уәкіл алғашқы күндерден жұмысқа белсене араласты. Құқық қорғаумен айналысатын азаматтар мен Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің мүшелері оқшаулау орындарына кедергісіз кіріп, қаңтар оқиғасына қатысушылардың қамаудағы жай-күйімен танысты, олардың шағымдарын қарады.

Омбудсмен және беделді заңгерлер жетекшілік ететін тәуелсіз қоғамдық комиссиялар прокуратура органдарымен тығыз жұмыс істеді, пікірлерін ашық айтып, өз ұстанымдарын қорғады. Мұндай жұмыс тәсілі тергеу үдерісінің ашық және демократиялы екенін көрсетті, әрбір өтініш пен арыз-шағымды жеке-жеке қарауға мүмкіндік берді. Соның нәтижесін-

де заңға қайшы үкім шығару ықтималдығы едәуір азайды.

Азаматтық қоғам мен құзырлы органдар осылай ашық ынтымақтастық орнататын тәжірибе біздің елімізде берік орнығуға тиіс.

Осы мүмкіндікті пайдаланып, қоғам белсенділері мен заңгерлерге азаматтық ұстанымы және біліктілігі үшін ризашылығымызды білдіремін.

Қазір алдын-ала қорытындылар дайын. Біз теріс пиғылды адамдардың мемлекеттік төңкеріс жасамақ болғанын нақты білеміз. Осы ретте, бүлікшілер не үшін мұндай қадамға барды деген сұрақ туындайды. Жауабы – айдан анық.

Сонғы жылдары біз Қазақстанды түбегейлі жаңғыртуға, трансформациялауға көштік. Түрлі салада ауқымды өзгерістер басталды. Бұл кейбір ықпалды адамдарға ұнамады. Олар жылдар бойғы заңсыз әрекеттерін одан әрі жалғастыра беруді көздеді. Негүрлым жоғары билікке ие болуды көкседі. Сол үшін көнігі қылмыскерлер, қарулы бандылар мен опасыз шенеуніктер бірігіп, астыртын топ құрды.

Ішкі және сыртқы жауларымыз өзара ымырала-сып, билікті басып алғысы келді. Олар халықтың наразылық шеруін басқа арнаға бұрып, жұртты қасакана арандатты. Лаңкестер мемлекеттік органдарға, стратегиялық нысандар мен бизнеске тиесілі ғимараттарға шабуыл жасады. Билікке күйе жағу үшін бейбіт тұрғындарға оқ атты.

Осының бәрі шетелдегі радикалды күштер өз мақсатына пайдаланғысы келді. Олар Қазақстанды қаттығыс алаңына айналдырып, елге ойран салмақ болды. Бейбіт өміріміздің тас-талқанын шығаруды жоспарлады. Президентті биліктен кетіргісі келді.

Шын мәнінде, бұл мемлекеттілігімізге төнген аса қауіпті сын-қатер болды. Бірақ, қастандық жасаушылардың арам пиғылы іске аспады. Мен ең қиын сәтте, қандай жағдай болса да, ақырына дейін халқымызмен бірге боламын деп ашық айттым.

Бабаларымыз «Іштен шыққан жау жаман» деп бекер айтпаған.

Төңкеріс жасауға ұмтылғандардың арасында белгілі адамдар болды.

Жоғары лауазым иелері мемлекетке сатқындық жасады. Опасыздардың ішінде әскери және арнаулы органдардың басшылары да бар. Олар Күштік құрылымдардың заңға сәйкес қимылдауына кедергі келтірді. Мемлекет басшылығына қалалардағы ахуал туралы жалған ақпарат берді. Тіпті, арнайы үкіметтік және басқа да байланыс арналарын өз бақылауына алды. Бір сөзбен айтсақ, олар елді ыдырату үшін ойларына келген барлық тәсілді қолданды.

► 2-бетте

**Қымбатты жерлестер,
қадірлі қала қонақтары!**

Баршаңызды Ұлыстың Ұлы күні – Наурыз мейрамымен шын жүректен құттықтаймыз!

Халықтық сипат алған бұл мереке адами құндылықтар дәріптеліп, салт-дәстүріміз жанғыратын ұлы күн. Өз-Наурыз бүгінде тарихи орнын, халық арасындағы өзектілігін жоғалтпаған мейрам. Ол ізгілік атаулының символына айналды.

Наурызда көктемгі күннің шуағымен Жер бетінде жанданған тіршілік барша адамдарды, туыс-туған, дос-жаран, көрші-көлемді жақындатып, игі амалдарға жетелейді.

Ұлық мереке шеңберінде «Көрісу», «Жайлау», «Шежіре», «Тарихқа тағзым», «Игі істер», «Шымырлық пен шеберлік», «Зияткерлік», «Ұлттық тағамдар», «Бұқара», «Жоралғы» күндері атауларымен өткізілген мәнді де терең мағыналы іс-шаралардың қаламызда кеңінен қолдау тауып, олардың ұйымдастырылуына үкіметтік емес



ұйымдардың, этномәдени, ардагерлер мен жастар бірлестіктерінің, мәдениет қайраткерлерінің, қоғам белсенділерінің, еңбек ұжымдарының, бизнес-қоғамдастықтарының, блогерлеріміздің және т.б. белсенді ат салысуы қуантады. Өсіресе «Игі істер күні» жомарттық танытып, қамқорлықты қажет ететін жерлестерімізге көмек қолын созған жезқазғандықтарға алғысымыз шексіз.

Ардақты ағайын!

Арман-мұраттарыңыз орындалып, үміттеріңіз ақталсын! Әр отбасында, барша елімізде бақ-берекеміз бен ырысымыздың негізі – бейбітшілік пен ынтымақ мәңгілік орнасын! Бақытты күндеріміздің қадірі кетпесін!

Ұлы оң болсын! Жыл басы – Наурыз құтты болсын!

Қайрат ӘБСАТТАРОВ,
Жезқазған қаласының әкімі
Абдрахман ДОСАНОВ,
қалалық мәслихат хатшысы.

ЖАҢА ҚАЗАҚСТАН:

(Жалғасы. Басы 1-бетте).

Соның салдарынан Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымынан көмек сұрауға мәжбүр болдық. Бұл қадам ішкі және халықаралық нормаларға сай жүзеге асырылды. Бітімгершілік күштері елімізде бір де бір оқ атқан жоқ. Стратегиялық маңызы бар нысандардың қауіпсіздігін ғана қамтамасыз етті. Бұған алдын-ала жасалған келісімнің нәтижесінде қол жеткіздік. Жағдай тұрақтанған соң, екі аптадан кейін олар Қазақстаннан толық шығарылды.

Бұл – көптаратты қарулы контингент, оның құрамында Қазақстан да бар. Бітімгершілік миссиясының маңызды рөлін жоққа шығаруға болмайды. Бірақ, түптеп келгенде, біз содырларды өз күшімізбен жеңдік.

Осы күндерде халқымыз кез-келген қауіп-қатерді жеңе алатын біртұтас ел екенін танытты. Отаншылдық рухының арқасында қасиетті Тәуелсіздігімізді сақтап қалды.

Шын мәнінде, қаңтар оқиғалары мемлекеттілігіміз үшін зор сынақ болды. Біз жардың шетінде тұрдық. Бір қадамды қате жасамақ немесе батыл әрекет етпесек, мемлекетіміз құрдымға кететін еді.

Күштік құрылымдар мен олардың сыбайластарының өзара ымыраласуына қатысты іс бойынша тергеу құпия жағдайда қарқынды жүргізіліп жатыр. Алдымызда куәгерлерден жауап алу, сараптама жасау және түрлі мәліметтерді зерделеу сияқты қыруар жұмыс бар.

Бір нәрсені нақты айта аламын: қаскөйлер мұқият ойластырылған ауқымды операция жасады. Олар халқымыздың және шетел қоғамдастығының алдында мемлекеттің жоғары басшылығының абыройын төгіп, биліктен тайдыруды көкседі. Қасби дайындықтан өткен содырларды өз мақсатына жету үшін еш қымсынбастан пайдаланды. Оларға еліміздің ең ірі шаһары – Алматыны күл талқан етуді, жұртты әбден үрейлендіріп, дүниеден біржола түңілдіруді, елдегі ахуалдың быт-шытын шығарып, бей-берекет қылуды тапсырды.

Сондықтан кімнің қандай лауазым иеленіп отырғанына, қоғамдағы орны қандай екеніне қарамастан осы қағылы оқиғаларға кінәлі адамдар түгелдей лайықты жазасын алатынына уәде беремін.

Сол күндері қатаң әрі шұғыл шара қабылдаудан басқа амал қалған жоқ. Мен ең шешуші сәттерде елім үшін қолымнан келгенін бәрін жасадым. Бұл – менің президенттік әрі перзенттік борышым.

Құрметті депутаттар!

Халыққа қажетті реформаларды жүзеге асыру – менің Мемлекет басшысы ретіндегі басты міндетім. Саяси жаңғыру болмаса, елімізді орнықты дамыту, ауқымды әлеуметтік-экономикалық өзгеріс жасау мүмкін емес. Бұл – анық нәрсе. Біз екі жарым жылдың ішінде осы бағытта нақты нәтижеге қол жеткіздік.

Мен осыған дейін саяси реформалардың төрт топтамасын ұсындым. Соның аясында қоғамды одан әрі демократияландыруға бағытталған бірқатар маңызды бастама жүзеге асты.

Тек саясат саласының өзінде оннан астам заң қабылданғанына қарап, қоғамда болып жатқан оң өзгерістердің ауқымы қандай екенін бағамдауға болады. Мысалы, бейбіт жиналыстар туралы жаңа, демократиялық заңды алайық.

Бұл құжат белсенді азаматтарға, оның ішінде оппозициялық көзқарастағы қоғам белсенділеріне еш кедергісіз шеру өткізуіне, сол жерде ой-пікірлерін емин-еркін айтуына мүмкіндік берді. Бұл жаңашылдық елімізде жаңа саяси мәдениеттің тамыр жаюына, қоғамдағы өзара жауапкершілік пен сенімнің артуына жол ашты. Дегенмен, жұртты арандатқысы келетін кейбір белсенділер демократиялық сипаттағы осы заңның өзіне бағынбау, тіпті оны бұзу керек деп санайды.

Мен бұдан былай ешқандай жұмсақтық көрсетпейтінмізді мәлімдеймін. Басқа да заңдар сияқты бұл заңның талаптары да мүлтіксіз орындалуға тиіс.

Бәзбіреулердің жауапсыздығы мен бейбастақ әрекеттері заңды сыйлайтын азаматтарымыз үшін тың қымбатқа түсті. Заң бәрине ортақ, оған биліктегі азаматтар да, қоғам белсенділері де бірдей бағынудағы тиіс.

Саяси өзгерістер азаматтардың жергілікті өзін-өзі басқару ісінен бастап, жалпыұлттық сипаттағы мәселелерге дейін, яғни барлық деңгейде шешім қабылдауға дайын екенін көрсетті.

Саяси трансформация бүкіл салада тамыр-таныстық пен монополияны түбірмен жойып, адал әрі әділ «ойын ережесін» қалыптастыруды көздейді. Бірақ, осы ниет пен жұмыс қарқыны жұрттың бәрине бірдей ұнай бермейтіні анық.

Бәрін де бармақ басты, көз қыстымен шешіп үйренген адамдар бұған дейінгі артықшылықтары мен табыс көздерін жоғалтып алудан зәре-құты қалмай қорқуда. Олар біздің мемлекеттілігіміздің тұғырларын шайқалту үшін дереу іске кірісу қажет деп шешті. Тіпті, өз халқына қарсы шықты деуге болады.

Қасіретті қаңтар күндерінен кейін көптеген адамдар «бәрі кері кетеді, билік жаңғыру қарқынын бәсеңдетіп, аяғын аңдап басатын болады» деп санады. Бірақ, біз алған бетімізден қайтпаймыз. Керісінше, қоғамның барлық саласында үлесте жұмыс жатқан жүйелі өзгерістердің қарқынын жағалау түсетіз.

Мен бүгін ұсынып отырған бастамалар қаңтар оқиғаларынан әлдеқайда бұрын мұқият ойластырылып, пысықталған. Ашығын айтайын, маған «асықпайық, заман жақсарғанға дейін бұл жоспарды қоя тұрайық» деп ақыл қосқан сарапшылар мен мемлекеттік қызметшілер де болды. Олар қазіргі ахуалды өз мүдделімізге пайдалануға мүмкіндік туып тұрса, жүйені өзгертудің не қажеті бар деді.

Енді біреулер геосаяси ахуал қатты шиеленісіп тұрған кезде елді «горбачевтік қайта құрудағы» си-

яқты берекесіздік жайлап, көше демократиясы белен алып кете ме деген орынды қауіптерін айтты. Бірақ, мен елімізге түбегейлі реформалар қажет екеніне бек сенімдімін. Әйтпесе, тоқырауға тап боламыз. Біз оның салдары мемлекетті қалай күйрететінін тарих қойнауына кеткеніне көп бола қоймаған кеңес тарихынан жақсы білеміз.

Кешегі қаңтар оқиғаларына да еліміздегі тоқыраудың салдары белгілі бір деңгейде әсер етті. Мен соңғы екі айдың ішінде әлеуметтік-экономикалық салада, ұлттық және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету ісінде, ең алдымен, жүзеге асыру қажет болатын міндеттерді айқындап бердім.

Мен бүгін еліміздің саяси жүйесін кешенді жаңғырту бағдарламасын ұсынғалы отырмын. Бұл құжат, ең алдымен, қоғамның қажеттілігіне және сұранысына негізделген.

Парламент депутаттары, Конституциялық кеңес, Орталық сайлау комиссиясы, Жоғарғы Сот және бөлек-бөлек сарапшылардың ұсынымдары назарға алынды. Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінде осы тақырып бойынша пікірталас өтті. Құжатты әзірлеу кезінде зерттеушілер мен қоғам қайраткерлерінің, саяси партиялар мен үкіметтік емес ұйымдардың ұсыныстары да мұқият зерделенді.

Жалпы, ұсынылып отырған реформаларды біздің қоғамдағы алуан түрлі көзқарастардың жиынтық көрінісі деуге болады. Осыған дейін қолға алынған өзгерістердің заңды жалғасы іспетті бұл бастамалар екі өзекті міндетті шешеді.

Біріншіден, қоғамды дәйекті түрде демократияландыруға септігін тигізеді.

Екіншіден, мемлекеттің орнықты әрі басқаруға икемді болуын қамтамасыз етеді. Бұл ел ішінде болып жатқан іргелі қоғамдық өзгерістер мен шиеленісе түскен геосаяси тартыс кезінде айрықша маңызды.

Реформа жасап жатырмыз деген атақ үшін ғана реформа жасаудың ешкімге қажеті жоқ. Мен мұны бірнеше рет айттым. Біз бұл өзгерістерді жұртқа жақсы көріну үшін жасамаймыз. Құлаққа жағымды, бірақ орындалуы екіталай, күмәнді көрсеткіштерге алданбаймыз.

Қағаз бетінде ғана жүзеге асырылған, бірақ шындықта еш жанаспайтын жалған табыстарға масаттанып отыратын заман келмекте кетті. Халыққа көпірме сөз, бос уәде емес, көзбен көріп, қолмен ұстауға болатын оң өзгерістер керек.

Біз кез келген мәселені ашық айтып, оны шешудің оңтайлы жолдарын бірге іздеуіміз қажет. Мен бұл жерде, ең алдымен, басқарудың суперпрезиденттік үлгісінен мықты Парламенті бар президенттік республикаға біржола көшу туралы айтып отырмын. Мұндай жүйе билік институттарының тепе-теңдігі оңтайлы болуын қамтамасыз етіп, елімізді орнықты дамытуға септігін тигізеді.

Алдымызда Парламенттің рөлін күшейту міндеті тұр. Бұл «халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын табысты жүзеге асыруға жол ашады. Біз болашақта қандай ел болатынымызды нақты білеміз. Жаңа Қазақстанды азаматтық қоғамы қалыптастырған тиімді мемлекетке айналдырамыз. Осыған орай «Күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» қағидатын басшылыққа аламыз. Бүгін мен осы стратегиялық мақсатымызға жетуге мүмкіндік беретін бірқатар бастамаларды ұсынамын.

БІРІНШІ. Президенттің өкілеттігі туралы

Мен бұған дейін айтқанымдай, Қазақстанда суперпрезиденттік басқару үлгісі қалыптасты. Дамудың бастапқы кезеңінде мемлекетімізге мұндай үлгі қажет болды. Бірақ, біз бір орында тұрған жоқпыз. Қоғам да, еліміз де өзгеруде. Саяси жүйеміз жаңа жағдайларға бейімделуге тиіс.

Қазір бізде барлығы Президентке келіп тіреледі. Бұл – дұрыс емес. Біртіндеп бұдан бас тартуымыз қажет.

Мен үшін мемлекеттің ұзақ мерзімді мүддесі биліктің қосымша мүмкіндіктеріне және уақытша ықпалына қарағанда әлдеқайда маңыздырақ. Сол себепті мен Аманат партиясының қаңтар айындағы съезінде ұйымның төрағалығынан биыл бас тартатынымды мәлімдедім.

Партияның мемлекеттік аппаратқа кірігуіне мүлдем жол бермеген жөн. Саясаттағы монополия түрлі әлеуметтік кеселді туындататыны және мемлекетті дағдарысқа ұшырататыны анық. Саяси үстемдікке барынша шектеу қою қажет.

Президент өзінің өкілеттігін атқару кезеңінде партияға мүшелігін тоқтата тұруға міндетті екенін заң жүзінде ресімдеуді ұсынамын. Бұл норма саяси бәсекені арттырып, барлық партияның дамуына бірдей жағдай жасайды. Осылайша, біз еліміздің болашақтағы көшбасшыларын негізгі саяси институттарды өзіне бағындырып алуға құмар болудан сақтаймыз.

Дәл сол сияқты, Орталық сайлау комиссиясының, Есеп комитеті мен Конституциялық кеңестің төрағалары және мүшелері міндетті түрде партиядан шығуы керек деген норманы да заңнамаға енгізген жөн.

Барлық өкілеттікті бір қолға шоғырландырып орталықтағы жағдай аймақтарда да қайталанатынын көріп отырмыз. Сол себепті әкімдер мен олардың орынбасарларына партия филиалдарында да лауазым иеленуге заң жүзінде тыйым салу керек. Мұндай шешімдер көпшілікті партиялық жүйе қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Саяси және экономикалық қызметтің монополиялануы қаңтар оқиғаларының туындауына басты себеп болғаны бүгінде бүкіл қоғамға мәлім.

Біз «қасіретті қаңтардан» мынадай маңызды сабақ алдық: мемлекеттегі ең жоғары лауазымды тұлғаның қолында барлық өкілеттіктің шоғырла-

нуы оған жақын тұлғалар мен қаржылық-олигархиялық топтардың ықпалын орынсыз күшейтеді. Сосын олар мемлекетті жеке меншігі сияқты көре бастайды.

Барлық азаматтарға бірдей мүмкіндік берілетініне Мемлекет басшысы мызғымас кепіл болуға тиіс. Сондықтан Президенттің жақын туыстарына саяси мемлекеттік қызметші болуға және квазимемлекеттік секторда басшылық лауазымдарды иеленуге заң жүзінде тыйым салынады. Мұндай норманы Конституцияға енгізсек те артық болмайды деп санаймын.

Президенттің өкілеттігі неғұрлым көп болса, ол соғұрлым шексіз биліктің иесіне айналады.

Мемлекет басшысы облыс, республикалық маңызы бар қала әкімдері шығарған актілерді жоюға немесе ондай құжаттардың қолданылуын тоқтата тұруға құқылы. Бұл норма «қолдан басқарудың» орынсыз тәжірибесінің орнығуына әкеп соқтырады және жергілікті атқарушы органдардың дербестігін әлсіретеді.

Оның үстіне қазір Президенттің аудан, тіпті ауыл әкімдерін лауазымынан босатуға құқығы бар. Мұндай заң нормаларын жою керек.

Президентті тым көп өкілеттігінен айыру еліміздегі саяси жаңғыру үдерісінің тек ілгері басыуын қамтамасыз етеді. Ұсынылып отырған бастамалар «ойын ережесін» түбегейлі өзгертіп, қоғамды одан әрі демократияландыру үшін берік негіз қалыптастырады.

ЕКІНШІ. Өкілді билік тармағын қайта құру

Біз Президенттің өкілеттігін біртіндеп қысқарта отырып, Парламенттің рөлін айтарлықтай арттыруымыз керек. Сол арқылы мемлекетіміздің институционалды құғырын нығайтамыз. Шын мәнінде, елімізде өкілді билік тармағы мықты болуы қажет.

Халықтың сенім мандатына ие болған депутаттарға жоғары жауапкершілік жүктеледі. Олар мемлекетімізді өркендету ісіне белсене атсалысуға тиіс. Ең алдымен, Сенатты жасақтау тәртібін және оның бірқатар функциясын қайта қараған жөн.

Қазіргі таңда жоғарғы палата 49 депутаттан тұрады. Яғни, әр өңірден екі сенатор сайланады және 15 сенаторды Президент тағайындайды.

Осы орайда мен Президенттің Сенаттағы квотасын 15-тен 10 депутатқа дейін азайту туралы шешім қабылдадым. Оның бесеуін Қазақстан халқы Ассамблеясы қазіргідей сайламайды, тек ұсынатын болады.

Парламенттің төменгі палатасында еліміздегі түрлі саяси көзқарастар көрініс табуға тиіс. Ешкімге жасанды артықшылық берілмеуі керек. Осылайша, біз Қазақстан халқы Ассамблеясының Мәжілістің квотасын жоғарымыз. Менің ойымша, бұл – саяси жағынан да, заңдық тұрғыдан да дұрыс қадам. Бұл квота Сенатқа ауысады және 9-дан 5 депутатқа дейін кемиді. Соның нәтижесінде Мәжілістегі депутаттардың жалпы саны азаяды. «Аз болса да, саз болғаны» жақсы. Мұндай өзгеріс түрлі этностық топтарға мандат беріп, олардың үні жоғарғы палатада естілуіне мүмкіндік жасайды. Жалпы, Сенаттың жоғарғы палата ретінде жұмыс істеуін дұрыс әрі орынды деп санаймын.

Әлемде құрылымды унитарлы және Қазақстанға қарағанда халқы аз мемлекеттер жеткілікті. Соған қарамастан, бұл елдер қос палаталы парламент жасақтаған. Мысалды алыстан іздеудің қажеті жоқ, Еуропада да осындай тәжірибе бар.

Сенатқа Мәжіліс қабылдаған заңдарды тек мақұлдау немесе мақұлдамау құқығын беретін норма енгізген дұрыс деп санаймын. Соған сөйкес, заң қабылдау құқығы Мәжіліске ғана тиесілі болады.

Ал, Сенаттың өкілеттігін Конституциялық кеңес пен Жоғары сот кеңесінің төрағасы лауазымына ұсынылатын кандидаттарға келісім беру құқығымен толықтырған жөн. Бұл өзгеріс саяси жүйедегі тепе-теңдік және тежемелік механизмдерін елеулі түрде нығайта түседі, заң шығару үдерісін едәуір жеңілдетеді. Сонымен қатар, төменгі палатаның құзыретін кеңейту қажет.

Елімізде көптеген ауқымды жобалар, бағдарламалар бар. Бірақ, түрлі себептерге байланысты оларды жүзеге асыру барысы көңіл қоншптейді. Сондықтан Парламент республикалық бюджеттің сапалы орындалуына бақылауды күшейтуі қажет.

Осы орайда Есеп комитетінің орнына Жоғары аудиторлық палата құруды ұсынамын. Оның төрағасы Мәжіліс депутаттары алдында жылына екі рет есеп беруге тиіс. Осылайша, Мәжілістің мәртебесі арта түседі.

Азаматтардың өкілді билікке деген сенімін нығайту үшін мәслихаттарға баса мән берген жөн. Мықты мәслихаттар өзекті мәселелердің шешімін табуға және аймақтардағы тұрмыс сапасын жақсартуға әсер ете алады. Олардың рөлін арттырып, дербестігін қамтамасыз ету үшін Мәслихат төрағасы лауазымын енгізген жөн.

Сондай-ақ, мәслихаттардың ықпалын барынша күшейту үшін облыс әкімдерін тағайындау тәртібін өзгерту қажет деп санаймын. Қазір мәслихат депутаттары Мемлекет басшысы ұсынатын бір ғана кандидатураға келісім береді немесе келісім бермейді. Осы ретте, заңнамаға Президенттің облыс және республикалық маңызы бар қала әкімі лауазымына кем дегенде екі кандидатураны баламалы негізде ұсыну құқығын реттейтін түзетулер енгізу қажет. Осылайша, Президент облыс және республикалық маңызы бар қала әкімдерін мәслихаттарда қарау нәтижесін ескеріп тағайындайды. Бұл – өңір басшылары жанама сайлау арқылы қызметке келеді деген сөз. Бірақ, Мемлекет басшысының аймақ басшыларын мәслихаттардың келісіміне орынан босату құқығы сақталады. Өкілді билік тармағын өзгерту жөніндегі бұл жаңашылдықтардың бәрі күшті

парламенттік мәдениеті және ықпалды халық қалаулылары бар Жаңа Қазақстанды құруға бағытталған.

ҮШІНШІ. Сайлау жүйесін жетілдіру

Саяси жаңғырудың басты мақсаты – азаматтардың мемлекетті басқару ісіндегі рөлін арттыру. Бұл жұмысты сайлау үдерісі арқылы да жүзеге асырамыз. Біз осыдан 15 жыл бұрын конституциялық реформа аясында Мәжіліс депутаттарын пропорционалды тәсілмен сайлауға көштік. Ал 2018 жылдан бастап мәслихат депутаттарын да осы үлгімен сайлайтын болдық. Бұл қадамдар еліміздегі партиялық жүйені дамытуға тың серпін берді. Алайда, оның жағымсыз тұстары да байқалды.

Партияда жоқ азаматтар Мәжіліске ғана емес, жергілікті өкілді органдарға да сайлана алмайтын болады. Мұны ашық мойындауымыз керек. Соның салдарынан халықтың сайлау науқанына қызығушылығы күрт төмендеді. Осындай жағымсыз жайттарды ескере отырып, мен аралас сайлау жүйесіне көшуді ұсынамын. Сол кезде барлық азаматтардың құқығы толық ескеріледі.

Пропорционалды-мажоритарлы үлгіде сайлаушылардың мүддесі ұлттық және өңірлік деңгейде толық көрініс табады. Мәжілістің депутаттық корпусының 70 пайызы пропорционалды, 30 пайызы мажоритарлық тәсілмен жасақталатын болады.

Сонымен бірге аралас сайлау үлгісі облыстар мен республикалық маңызы бар қалалардағы мәслихаттар сайлауына да енгізіледі. Сайлаудың осы тәсіліне оралу біз үшін өте маңызды. Бұл қадам – партиялардың Мәжіліс пен мәслихатқа өту шегін төмендету үшін осыған дейін қабылданған шешімнің заңды жалғасы.

Бұдан былай мажоритарлық жүйе бойынша әрбір аймақ Парламенттің төменгі палатасына өзінің кемінде бір депутатын сайлай алады. Жаңа үлгі көзқарасы әртүрлі азаматтардың Мәжіліске келуіне мүмкіндік береді.

Сондай-ақ, аудандар мен қалалардағы сайлауды толығымен мажоритарлық жүйеге көшіруді ұсынамын. Бұл жүйе жергілікті жерде бәсекелі саяси орта қалыптастырады. Оған қоса, елдің алдында бөлек бір жаңа тұлғалардың саясатқа келуіне жол ашады.

Императивті мандатқа көшу де депутаттардың сайлаушылармен өзара байланысын нығайта түседі. Бір сөзбен айтқанда, енді сайлау алдында берген уәдесін орындамаған депутатты кері қайтаруға болады. Бұл – халық қалаулыларына ықпал етудің тағы бір жолы.

ТӨРТІНШІ. Партиялық жүйені дамыту мүмкіндіктерін кеңейту

Жаңа Қазақстанды құру ісі адал әрі еркін саяси бәсеке болуын қамтамасыз етуден бастау алады. Осыған байланысты, біз партияларды институционалды және ұйымдастырушылық жағынан дамытуға барынша қолайлы жағдай жасауымыз керек.

Партияларды тіркеу ресімі едәуір жеңілдеді. Тіркеу шегін 4 есеге – 20 мыңнан 5 мың адамға азайтқан жөн. Өңірлердегі өкілдер саны 600-ден 200 адамға төмендетіледі. Партия құру үшін азаматтардың бастамашыл тобының ең төменгі саны үштен бірге, яғни 1000-нан 700 адамға азаяды. Сондай-ақ, құрылтай съезін өткізуге және филиалдарды құруға берілетін уақыт көбейеді. Бұл мәселелерді либералдандыру еліміздегі саяси кеңістікті дамыту үдерісін едәуір жандандырады. Өз сайлаушыларының қордаланған проблемаларын сауатты жеткізіп, тиімді шешуге қабілетті жаңа партиялар пайда болады.

БЕСІНШІ. Сайлау үдерісін жаңғырту

Халықаралық тәжірибеде сайлауды ұйымдастыру жүйесі ұдайы өзгеріп отыратыны белгілі, яғни әділ және ашық сайлау өткізу үшін тиімді шешім іздеудің маңызы зор. Соңғы жылдарда бұл үдеріске ақпараттық және технологиялық факторлармен бірге, коронавирус індеті де әсер етуде.

Көптеген елдер дауыс берудің баламалы түрлерін пайдаланып жатыр. Яғни, электронды, мерзімінен бұрын, қашықтан, көпкүндік дауыс беру тәсілдері кеңінен қолданыла бастады. Сондықтан әлемдегі үздік тәжірибелерді зерттеп, қажет болса, оны біртіндеп енгізген жөн.

Байланыс технологиялары қарқынды дамып жатқан қазіргі заманда кандидаттар мен партиялардың әлеуметтік желідегі белсенділігінің маңызы зор. Бірақ, әлеуметтік желідегі үгіт-насихат қолданыстағы заңнама арқылы реттелмеген. Соған қарамастан сайлау науқаны кезінде онда үгіт-насихат жұмыстары бәрібір жүргізіледі. Осы олқылықтың орнын толтыру үшін тиісті регламент пен ережені бекіте отырып, әлеуметтік желіде үгіт-насихат жүргізуге заң бойынша рұқсат беруді ұсынамын.

Сондай-ақ, байқаушылардың қызметін заңмен реттеу керек. Мен байқаушылардың құқықтары мен жауапкершілігі нақты белгіленуге тиіс деп санаймын.

Сайлауды ұйымдастыру және өткізу кезінде аумақтық сайлау комиссиялары да маңызды рөл атқарады. Бытыр ауыл әкімдерін тікелей сайлау жүйесі енгізілгені белгілі. Осыған байланысты сайлау науқаны бүкіл еліміз бойынша үздіксіз үдеріске айналды.

Енді аумақтық сайлау комиссияларының жұмыс тәсілін қайта қараған жөн. Олар бұл іспен кәсіби түрде айналысуы қажет. Біз бір азаматтың екі рет дауыс беруін болдырмауға тиіспіз. Сондай-ақ азаматтарымыз кез-келген учаскеде дауыс бере алуы керек. Сол үшін сайлаушылардың бірыңғай электронды базасын құру мүмкіндігін қарастыру қажет. Жекелеген тұлғалардың сайлау барысына ықпал етуіне жол бермеу үшін сайлау қорына салынатын қаржының жоғары шегін нақтылау керек. Конституция және халықаралық құқық бойынша Қазақстандағы кез-келген сайлау – біздің ешкім араласуға қақы жоқ ішкі ісіміз. Бірақ, бұл норма сай-

ЖАҢАРУ мен ЖАҢҒЫРУ ЖОЛЫ»

лау нәтижесіне шетелден ықпал етуге әрекет жасау ықтималдығын жоққа шығармайды.

Қазір әлемде түрлі гибридті қауіптер, оның ішінде сайлау технологияларын қолдану арқылы жасалатын қатерлер көбейіп келеді. Осы және басқа да жайттарды ескере отырып, елімізде өтетін сайлауларға шетелдердің қандай да бір араласуына жол бермеу үшін заңнамалық деңгейде нақты шаралар қабылдауға тиіспіз. Сол үшін, ең алдымен, кандидаттардан бастап байқаушылар мен БАҚ-қа дейін, сайлау науқанына қатысушылардың бәрінің қаржылық қызметі барынша ашық болуын қамтамасыз етуіміз керек.

АЛТЫНШЫ. Құқық қорғау институттарын күшейту

Конституцияның ең жоғары заңдық күші бар. Ата заңымыз – еліміздің бүкіл құқықтық жүйесінің тірегі. Алайда, белгілі бір заң актісі немесе шешім оған сай келе ме деген сұраққа нақты жауап беру қиындық тудыратын кездер болады.

Қазақстандағы түрлі құқық нормаларын Конституциялық кеңес түсіндіреді. Бірақ, азаматтар осындай түсініктеме алу үшін бұл органға тікелей жүгіне алмайды.

Көптеген мемлекетте Конституциялық сот институты бар. Оған кез-келген адам өзінің сауалын жолдай алады. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында мұндай орган Қазақстанда болған. Сарапшылар Ата заң ережелерінің мүлтіксіз сақталуын осы мекеме тәжірибесіне қамтамасыз етеді деп санайды. Соны ескере отырып, мен елімізде Конституциялық сот құруды ұсынамын.

Бас прокурор мен Адам құқығы жөніндегі уәкілге де Конституциялық сотқа жүгіну мүмкіндігін берген жөн. Бұл бастамалар әділ әрі құқықтық мемлекет құру жолындағы маңызды қадам болады деп сенемін. Сондай-ақ институционалды тұрғыдан тепе-теңдікті сақтауға ықпал етеді. Оған қоса азаматтарымыздың конституциялық құқығының қорғалуын жақсартта түседі.

Дегенмен, құқық қорғау мәселелері үнемі жетілдіріліп отыруы қажет етеді. Сондықтан өлім жазасына тыйым салу туралы шешімді біржола бекіту үшін Конституцияға тиісті өзгеріс енгізу қажет деп санаймын.

Азаптауға байланысты қылмыстарды тергеу ісінде жүйелі ұстаным болуы маңызды. Қазіргі таңда осы мәселеге жауапты нақты бір орган жоқ. Мұндай жағдай белгілі бір тәуекелдер туындауы мүмкін. Сондықтан бұл құзыретті Бас прокуратураға беруді ұсынамын.

Осындай ұстаным тергеудің объективті және бейтарап жүргізілуін қамтамасыз етіп, құқық қорғау саласындағы басыздықты жазасыз қалдырмау қағидатын бекіте түседі.

Мен Прокуратура және Адам құқығы жөніндегі уәкіл туралы конституциялық заңдар қабылдау қажет деп санаймын. Бұл құжаттар заң тәртібін күшейту және құқық қорғау қызметін ұдайы жетілдіру үшін қажет.

Барлық деңгейдегі соттар, шын мәнінде, тәуелсіз, ашық және кәсіби болмаса, заң үстемдігін қамтамасыз ету мүмкін емес. Мемлекет осыған орай ауқымды жұмыс жүргізуде.

Кадр іріктеудің жаңа жүйесі енгізіліп, сот үдерісі мен рәсімдерінің ашықтығы біртіндеп арта түседі. Бұл ретте, Жоғары сот кеңесі маңызды рөл атқарады. Осы құрылым Президенттің соттарды жасақтау жөніндегі конституциялық өкілеттігін қамтамасыз етеді. Сондай-ақ, судьялардың тәуелсіздігіне және оларға ешкімнің қол сұқпауына кепілдік береді.

Кеңестің қызметі қоғам үшін толық ашық болуы өте маңызды. Бұған Жоғары сот кеңесінің конкурстық рәсімдерінен онлайн трансляция жасау арқылы қол жеткізуге болады. Сонымен қатар мұндай конкурстардың қорытындыларын нақты дәлелмен түсіндіріп, жариялап отырған жөн.

Алқабилер сот төрелігін жүзеге асыруға қоғам өкілдерінің кеңінен қатысуына жол ашады. Қазақстанда алқабилер тек аса ауыр қылмыстар бойынша үкім шығара алады. Біз бұл саланы одан әрі дамытып, алқабилердің қарауына берілетін істердің санатын кеңейтеміз. Бұл жаңашылдық сот жүйесін демократияландыруға және оған қоғамның сенімін арттыруға мүмкіндік береді.

ЖЕТІНШІ. Бұқаралық ақпарат құралдарының бәсекеге қабілетін арттыру және азаматтық қоғам институттарының ролін нығайту

Бұқаралық ақпарат құралдары бәсекеге қабілетті және еркін болуы керек. Бұл қағидат қазір кез-келген өркениетті ел үшін айрықша маңызды. Отандық ақпарат құралдарының Қазақстанда, өңірде және әлемде болып жатқан үдерістер туралы өз көзқарасы болуға тиіс.

Еліміздің ақпараттық қауіпсіздігі, тіпті идеологиялық дербестігі осыған тікелей байланысты. Мемлекет ашық ақпараттық кеңістік пен сұранысқа ие әрі пәрменді ақпарат құралдарын құруға айрықша назар аударады. Бұқаралық ақпарат құралдары билік пен халықтың арасындағы тиімді байланыс арнасы бола отырып, елдегі қордаланған мәселелерді көтере алады және көтеруге міндетті. Бірақ, мұны жоғары азаматтық жауапкершілікпен жасау керек.

Біздің қоғамымызды ыдырату үшін сырттан берілетін тасырыстармен жұмыс істеуге немесе көленкелі қааламақы үшін саяси кландардың астыртын тартысуына қатысуға болмайды.

Тәуелсіз әрі жауапкершілігі жоғары бұқаралық ақпарат құралдары болмаса, қоғамды одан әрі демократияландыру мүмкін емес екеніне сенімдімін. Сондықтан мемлекеттің мүддесін, қоғамның сұранысын және медиасаланың даму үрдісін ескере отырып, БАҚ туралы заңды қайта қарау керек.

Қоғамдық ұйымдардың қызметі елімізді орнықты және жан-жақты дамытудың тағы бір маңыз-

ды факторы саналады. Үкіметтік емес ұйымдар маңызды әлеуметтік мәселелерді ұдайы көтеріп, оларды кешенді түрде шешуге септігін тигізіп келеді.

Қазір Қазақстанның алдында тұрған міндеттер мемлекет пен үкіметтік емес ұйымдардың тығыз ынтымақтастықта жұмыс жүргізуін, азаматтық қоғам институттарын жүйелі түрде жаңғыртуды талап етеді.

Реформаларды әзірлеу және оны жүзеге асыру ісіне қоғамдық ұйымдар мен белсенді азаматтарды барынша тарту қажет. Сол үшін, ең алдымен, ұлттық жобалар мен стратегиялық құжаттардың бәрі ашық талқылануын қамтамасыз ету керек. Бұл мәселе бойынша жасанды пікірталас өткізіп, көзбояушылық жасауға болмайды.

Біз елімізде азаматтық белсенділікті жандандыруымыз керек. Мемлекет пен қоғамның саналы әрі сындарлы серіктестігіне жол ашуымыз қажет. Сол себепті орталық және жергілікті органдардың, квазимемлекеттік сектордың жанындағы қоғамдық кеңестерді дамытып жатырмыз. Мен бірнеше рет олардың қызметіне қатысты сын айтқан болатымын. Дегенмен, бұл кеңестердің орасан зор институционалды әлеуеті бар. Соны толығымен жүзеге асыру керек.

Биыл менің бастамам бойынша осы кеңестердің құрамы және жұмыс жоспары түбегейлі жаңартылып болады. Ұлттық қоғамдық сенім кеңесі өз міндетін табысты атқарды. Енді оның орнына құрамы жағынан ауқымды Ұлттық құрылтай құруды ұсынамын. Жаңа құрылым Ұлттық кеңестің қызметін жалпыхалықтық деңгейде жалғастырады.

Құрылтай қоғамдық диалогтың біртұтас институционалды моделін қалыптастыруға тиіс. Сөйтіп, билік пен халықтың арасындағы дөңкерге айналған болады. Қазіргі Қоғамдық кеңестердің бәрін өз айналасына топтастырады.

Ұлттық құрылтайдың құрамында еліміздегі барлық аймақтың өкілдері болады. Сондай-ақ оған Парламенттің бірқатар депутаты, Қазақстан халқы Ассамблеясы мен Азаматтық альянстың, қоғамдық кеңестер мен ұйымдардың мүшелері, беделді қоғам қайраткерлері, өндіріс және ауыл шаруашылығы жұмысшылары, бизнес өкілдері және тағы басқа азаматтар кіреді. Осылайша, сан түрлі қоғамдық пікір иелерін түгел қамтитын өкілді құрылым қалыптасады. Ұлттық құрылтай мүшелері маңызды мәселелерді талқылау үшін тұрақты түрде бас қосып отырады.

СЕТІЗІНШІ. Еліміздің әкімшілік-аумақтық құрылымын жетілдіру

Сайлау жүйесіне, Парламентті жасақтау тәртібіне өзгеріс енгізген кезде елдің әкімшілік-аумақтық құрылымын ескеру керек. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында бірнеше облыс біріктірілді. Оның сол кездегі саяси және экономикалық ахуалдан туындаған өзіндік себептері болды.

Қазір Қазақстан дамудың келесі кезеңіне қадам басты. Әлеуметтік-экономикалық және демографиялық ахуал мүлде басқа. Бүгінгі сын-қатерлер де, міндеттер де бөлек. Мемлекетіміздің өркендеуі аймақтардың қуатты болуына тікелей байланысты. Мен бұл мәселеге 2019 жылғы Жолдауымда кеңірек тоқталдым.

«Қуатты өңірлер – қуатты ел» деген ұстаным әрдайым өзекті. Осы орайда, еліміздегі әкімшілік-аумақтық құрылымның онтайлы болуы өте маңызды. Бұған дейін Шымкент республикалық маңызы бар қалаға айналды. Облыс орталығы Түркістан қаласына көшірілді. Сонымен бірге Оңтүстік Қазақстан облысы Түркістан облысы деп аталды. Бұл қай жағынан алсақ та дұрыс қадам болды. Оны халық өте жылы қабылдады. Мен «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаламда осы үрдіс жалғасатынын айтқан едім.

Содан бері азаматтарымыздан көптеген ұсыныстар келіп тұсты. Менің тапсырмам бойынша оның бәрі мұқият зерделенді. Халықтың қалауын ескеріп, мен бүгін бірқатар бастама көтергелі отырмын.

Ең алдымен, Семей аймағында Абай облысын құруды ұсынамын.

Семей қаласы жаңа облыстың орталығы болады. Осы мәселені аймақ тұрғындары көптен бері айтып жүргенін білемін. Қазір ол жақта шешімін таппаған түйткілдер аз емес. Мысалы, аймақтың ішкі инфрақұрылымы әбден тозған. Кезінде Алаш арыстарының басын қосқан Семей қаласының жағдайы да маз емес. Біз тарихи әділдікті орнатып, ұлыларымыз дүниеге келген киелі өлкені қайта жаңғыртуға тиіспіз.

Тағы бір мәселе. Бұрынғы Жезқазған облысының аумағында Ұлытау облысын құру қажет. Жезқазған қаласы қайтадан облыс орталығы болады. Бұл аймақта дербес облыс құру – экономикалық қана емес, рухани жағынан да маңызды шешім.

Кең байтақ қазақ жерінің дәл жүрегінде орналасқан Ұлытаудың төл тарихымыздағы орны ерекше. Ел тағдыры шешілген ұлы жияндар осында өткен. Сарыарқаның төрінде орналасқан бұл аймақтың туристік әлеуеті өте зор. Оның өндірістік қуатын, логистикалық мүмкіндігін ұтымды пайдалану керек. Бір сөзбен айтқанда, біз Ұлытау аймағының дамуына жол ашамыз.

Үшінші мәселе. Алматы агломерациясына қатысты түйткілдер көп. Облыс тұрғындары негізінен қала төңірегіне шоғырланған. Ұзынағаштағы немесе Талғардағы мәселені сонау Талдықорғанда отырып шешу оңай емес. Облыс орталығына бару үшін халықтың алысқа сабылуына тура келеді. Осы және басқа да жайттарды ескере отырып, Алматы облысын екіге бөлуді ұсынамын.

Бұл өңірде Жетісу және Алматы облыстары құрылады. Алматы облысының орталығы Қапшағайда болуы керек. Ал, Жетісу облысының

орталығы Талдықорғанда орналасады. Бұл қадамдар аймақтарды дамыту ісіне тың серпін береді деп санаймын.

Жаңадан құрылатын облыстардың Абай, Ұлытау, Жетісу деп аталуында ерекше мән бар. Біз ұланғайыр жеріміздің байырғы атауларын, ұлы тұлғаларымыздың есімін ұрпақ санасында жаңғырта береміз. Мәселен, Қапшағай қаласы халқымыздың біртуар перзенті – Дінмұхамед Қонаевтың есімімен тығыз байланысты. Егер жұртшылық Қапшағайға Қонаевтың есімін беру керек деп ұсыныс айтса, мен бұл пікірге қосыламын. Мен мұның бәрін азаматтардың ұсыныс, пікірлеріне сүйеніп айтып отырмын. Жергілікті тұрғындар жаппай қолдаса, осы бастамаларды таяу арада жүзеге асыруға болады деп санаймын.

Үкіметке әкімшілік-аумақтық құрылымға қатысты мәселелерді мұқият саралап, оны іске асыру жолдарын ұсынуды тапсырамын. Бұл – оңай шаруа емес. Оның бәрін жан-жақты ойластырып, байыппен жасауымыз керек. Бұл ұсыныстар облыс және республикалық маңызы бар қалалардың әкімдері аппаратындағы мемлекеттік қызметшілер санын онтайландыру жөнінде шаралар қабылдауға да мүмкіндік береді. Оларды қысқарту өңір тұрғындарының санына қарай жүзеге асырылады. Қалай болғанда да, әкімнің орынбасарлары үшеуден аспауы керек. Ерекше жағдайда ғана төртіншісіне рұқсат беріледі. Президент Әкімшілігі бұл мәселені бақылауына алуға тиіс.

ТОҒЫЗЫНШЫ. Жергілікті өзін-өзі басқаруды орталықсыздандыру.

Билікті орталықсыздандыру үдерісін тереңдете түспесек, саяси жаңғыруды табысты жүргізу және азаматтық қоғамды дамыту мүмкін емес. Біз нақты өкілеттіктерді орталықтан өңірлерге беру ісін жалғастырамыз. Ең алдымен, мемлекет пен жергілікті өзін-өзі басқару институттарының міндеттерін тиімді ажырату қажет.

Саяси жаңғыру аясында мәслихаттар жергілікті өзін-өзі басқарудың негізгі буынына айналуда тиіс. Бүгінде олар жергілікті мемлекеттік басқару әрі жергілікті өзін-өзі басқару институты ретінде гибридті сипатқа ие болып отыр. Сондықтан мәслихаттардың өкілеттігін нақты белгілеу қажет.

Өңірлерді қаржыландыру жүйесін түбегейлі қайта қараған жөн. Қазіргі кезде ауылдық округтер жоғары тұрған әкімдерге толығымен тәуелді. Сондықтан мардымсыз қолдауға ие болуда. Әкімдер сайланатынын ескеріп, халықаралық озық тәжірибеге сәйкес жергілікті өзін-өзі басқару органдарын тікелей қаржыландыру тәсілін енгізген дұрыс болар еді. Сондай-ақ олардың меншік базасын едәуір кеңейту қажет. Олар елеулі ресурстар иеленген сон ахуалға ықпал етеді, сонымен қатар жауапкершілік алады. Олай болмаған жағдайда, бұл өзін-өзі басқару емес, жай ғана алдамшы нәрсе болып шығады. Осыған байланысты қажетті дайындық жұмыстарының бәрін биылғы жылдың ортасына дейін аяқтау керек.

ОНЫНШЫ. Дағдарысқа қарсы кезек күттірмейтін шаралар туралы

Геосаяси ахуалдың қатты ұшығып кетуіне байланысты Қазақстан қазіргі тарихымызда болып көрмеген қаржылық-экономикалық қиындықтарға тап келіп отыр. Қазақ санкциялық тайталас қазірдің өзінде жекелеген елдерді ғана емес, тұтас жаһандық экономиканы елеулі шығынға ұшыратуда. Ахуал жедел, тіпті сағат сайын өзгеруде. Әлемдік нарықта белгісіздік пен тұрақсыздық өршеуде. Өндірістік және сауда жүйелері күйреп жатыр. Бірақ соған бола байбалам салуға негіз жоқ. Біздің елімізде ауқымды дағдарысты еңсеруге қажетті резервтер мен амал-тәсілдердің бәрі бар.

Үкімет дағдарысқа қарсы кезек күттірмейтін кешенді шаралар топтамасын тез арада жүзеге асыруға міндетті. Ең алдымен, ұлттық валютаның тұрақтылығын қамтамасыз ету керек. Бұл – біздің экономикалық қауіпсіздігіміздің негізгі факторы.

Сонғы кездегі оқиғалар теңге бағамына орасан зор қысым жасалғанын көрсетті. Мұны өздеріңіз де көріп отырсыздар. Валюта нарығындағы тұрақсыздық жұрттың үрейленуіне, капиталдың елден шығарылуына, трансшекаралық «жасырын» ақша аударылымдарына байланысты болып отыр.

Сондықтан қаржы саласында өршіп тұрған жағдайды сұранысты, соның ішінде сырттан келген сатып алушылардың белсенділігінен туындаған сұранысты азайту қажет. Алдыңғы күні мен валютаны шетелге шығаруға шектеу енгізетін жарлыққа қол қойдым. Аса тұрақты халықаралық жағдай қалыптасқан қазіргі кезде еліміздің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етудің маңызы зор.

Украинадағы оқиғалар азық-түлік бағасының күрт өсуіне әкеп соқтырды. Таяу уақытта бұл бағалар шарықтап кетуі де әбден мүмкін. Осыған орай, егін егу науқанын сапалы өткізуге баса назар аударылады. Бірақ, көптеген шаруалар егіске әлі дайын емес. Үкімет пен әкімдіктер бұл жұмысты ерекше бақылауға алуға тиіс. Шаруалардың қажетті жанар-жағар майды қолайлы бағаммен алуын қамтамасыз ету керек. Ауыл шаруашылығы техникаларының дайындығын, тұқым мен тынайықшы қорларын қайта тексерген жөн. Бірқатар өңірлердегі жауын-шашынның аздығы егіннің шығымын мандытпай, жемшөптің жетіспеуіне әкеп соқтыруы мүмкін екенін ұмытпайлық.

Жалпы, фермерлер қауымдастығымен бірлесіп, агроөнеркәсіп кешенін мемлекеттік қолдау тәсілдерін қайта қарау керек. Тапшылықтың және азық-түлік бағасының жөнсіз қымбаттауының алдын-алу үшін ауыл шаруашылығы өнімдерін мемлекеттік тұрақты қорларға форвардтық бағалармен сатып алу мәселесін пысықтау қажет.

Алмағайып өзгерістер жағдайында мемлекеттік аппарат ахуалға тез бейімделіп, барынша үйлесімді

әрекет етуге тиіс. Шешімді жайбасарлықпен қабылдауға, шенеуніктік формализмге жол берілмейді. Қазір толықтай жұмылуымыз қажет. Бизнес өкілдерінің және азаматтардың нақты сұранысы негізінде шешімдер әрі кеткенде үш күн ішінде, тіпті, қажет болса бір тәулікте қабылдануға тиіс.

Құрметті отандастар!

Менің бүгінгі бастамаларым өте ауқымды. Бұл бастамалар еліміздің саяси жүйесі мен әкімшілік-аумақтық құрылымын едәуір өзгертеді. Оны жүзеге асыру үшін Конституцияның 30-дан астам бабына өзгеріс енгізу қажет. Сондай-ақ, жылдың соңына дейін тағы 20-дан астам заң қабылдау керек.

Заң жобасын әзірлеп, оны қабылдау – едәуір уақыт алатын күрделі жұмыс. Сондықтан, оған аса жауапкершілікпен қараған жөн. Сондай-ақ, ішкі-сыртқы сын-қатерлерді мұқият ескеруіміз керек. Қазіргі халықаралық ахуал Қазақстанға да әсер ететіні анық. Бірақ, заман қаншалықты күрделі болса да, біз бағдарымыздан айнымаймыз. Өткеннен тағылым алып, келешекке сеніммен қадам басамыз.

Біздің мұратымыз – Жаңа Қазақстанды құру. Бұл негіз білдіреді? Жаңа Қазақстан дегеніміз – егемен еліміздің болашақтағы бейнесі. Өз елінің ертеңіне сенбеген халық мықты мемлекет құра алмайды. Бұған тарихтан талай мысал келтіруге болады. Біз келешегіміз кемел болатына және жарқын болашақты өз қолымызбен жасай алатынымызға сенеміз.

Әрбір азаматтың конституциялық құқығы мүлтіксіз сақталуын қамтамасыз етеміз. Мемлекет пен қоғамның өзара сеніміне және құрметіне негізделген жаңа саяси мәдениетті қалыптастырамыз. Маңызды шешімдер жұртшылықтың қатысуымен ашық қабылданады. Өйткені, мемлекет әр азаматтың үніне құлақ асады. Адал еңбек, озық білім және үздік тәжірибе әрдайым жоғары бағаланады. Мен жаңа Қазақстанның осындай ел болғанын қалаймын.

Мақсатқа жету үшін мемлекеттік аппаратты жаңарту немесе кадрлық ауыс-түйіс жасау жеткіліксіз. Өзгерісті әрқайсымыз өзімізден бастауымыз керек. Әрбір адам және бүкіл қоғам жаңғыруы қажет. Құндылықтарымыз түбегейлі жаңаруға тиіс. Мұның бәрі – оңай жұмыс емес, біртіндеп қалыптасып, жылдар бойы жалғасатын үдеріс.

Бұл жұмыс бізден жоғары жауапкершілікті, елімізге және бір-бірімізге деген жанашырлықты талап етеді. Бізге ешкім сырттан келіп, ештеңе жасап бермейтін анық, бәрі өз қолымызда. Сондықтан, баршаңызды жаңа Қазақстанды құруға бір кісідей жұмылуға шақырамын. Халықтың қолдауымен мақсатымызға жетеміз деп сенемін.

Бүгінде жер жүзінде геосаясаттың дүлей дауылы соғып тұр. Сондықтан мемлекетіміздің егемендігі мен аумақтық тұтастығын және ұлттық мүддемізді қорғауды көздейтін стратегиялық бағдардан айнымауымыз керек. Негізгі міндет – осы!

Біз ең басты құндылығымыз – Тәуелсіздігімізді сақтап, ұлттық бірегейлігіміздің негізін нығайтып, елімізді жаңғырту жолында ұйысуға тиіспіз. Бұл – болашақ ұрпақ алдындағы қасиетті боршымыз.

«Қасіреті қантар» оқиғалары еліміздің беделіне елеулі нұқсан келтіргенін мойындауымыз керек. Бейберекет саяси реформалар мемлекетті әлсіретіп, оның егемендігі мен тұтастығына зор залалын тигізуі мүмкін.

Әлемнің арғы-бергі тарихында өз аумағының ауқымды бөлігінен айырылған, астаң-кестені шығып, берекесіздікке ұшыраған елдер туралы мысал жетіп артылады.

Жаңа Қазақстанды құру елді дамыту парадигмаларын өзгертуге бағытталған. Біз әр қадамымызды саралап, таңдаған жолымызбен алға сенімді қадам басамыз. Біз жаңа Қазақстанда «түрлі көзқарас, бірақ біртұтас ұлт» қағидатын берік ұстануға тиіспіз.

Диалог пен мәміленің жоғары мәдениеті еліміздегі азаматтық ынтымақты арттыратын басты фактордың біріне айналады. Біз надандық пен ескілікке, радикализм мен масылдыққа, тоғышарлыққа және сыбайлас жемқорлыққа танды тұрқы қарсы тұрамыз. Бір-бірімізді жат көрмей, жақын тартып, қоғамда нақты өзгерістерге деген сенімді орнықтырамыз. Жұрттымыздың күш-жігеріне, дарыны мен еңбекқорлығына сүйенеміз. Әр азаматтың өз қабілетін іске асыруына барынша қолайлы жағдай жасаймыз. Біз осылайша ғана халқымыздың жасампаздық әлеуетін арттыра аламыз. Осылайша ғана өмірдің барлық саласын өзгертіп, реформалар дәуірін өз қолымызбен жасаймыз.

Біз кез-келген сын-қатерді бірге еңсеріп, Қазақстанымыздың қуатын бірге арттырамыз деп сенемін. Сөзімнің соңында бір мәселеге ерекше тоқталғым келеді. Мен азаматтарымыздың ертең емес, бүгін бақытты өмір сүргенін қалаймын.

Ең бастысы – еліміздің егемендігі! Шын мәнінде, біз үшін Қазақстанның Тәуелсіздігі бәрінен қымбат. Осы тұрақсыз, құбылмалы әлемде Қазақстанымыз бізден басқа ешкімге керек емес.

Сондықтан, маған елімінің амандығы мен жерімінің тұтастығынан асқан ешбір құндылық жоқ. Менің ең алдымен, халқымын болашағы қандай болатыны толғандырады. Қызметіме түрлі адамдардың беретін бағасынан гөрі, мемлекетімізді қорғап қалу – мен үшін аса маңызды міндет. Осы жолда жауапкершіліктің бәрін мойныма алуға дайынмын!

Бабалар аманатына адал болып, оны ұрпаққа табыстау – мен үшін киелі парыз. Жаңа Қазақстан – жаңару мен жаңғыру жолы, бүгінгі буынның болашақ ұрпаққа аманаты. Ендеше, Жаңа Қазақстанды бірге өркендетейік, ағайын! Қастерлі Отанымыздың тұрғыры мығым, абыройы биік болсын!

Баршанызға рақмет!



Көктемнің осы бір күндерінде елең етпейтін, көкірек көзі оянып, көңіліне ерекше бір шуақ еңбейтін адам баласы болмайтын шығар. «Самарканның көк тасы еритін» дейтіндей Наурыздың жыл басы ретіндегі қадір-қасиетінің өзі бөлекше. Бұл – жанару, жасару айы. Төл анамыз – табиғаттың өзі осы тұстан бастап түлейді.

Сонау алыста қалған балалық шағымызда ата-анамыз бұл күні тым ерте оянып, бірсыпыра таза киімдерін үстеріне ілетін. Үйдің айналасы ерек-

БҰЛ – БЕРЕКЕЛІ КҮНДЕРДІҢ БАСТАУЫ

ше бір тазалыққа бөленіп тұратыны есімде. Сол күні адамдардың бәрінің жүзінде қуаныш, алыстан бір-біріне ұмтылып, көрісіп жатады. Наурызды қарсы алу той ретінде өтетін. Бәріміз үлкендерге сәлемдесуге, қолдарын алуға ұмтылатынбыз.

Міне, жасым сексенге таяп қалды. Бала кездегі әсерлер ешқашанда ұмытылмайды екен. Жылда Наурыз келген сайын алыста қалған сол бір шақтар көз алдыма келеді. Рас, кешегі бір тұстарда салт-дәстүрімізге селкеу түсіріп, көп жайды көмескілендіріп алғанымызбен, Тәуелсіздігімізбен бірге соның бәрін түгендеп жатқанымыз көңілге көп қуаныш әкеледі.

Наурыз бүгінде жаңа мазмұн мен тың сипатқа ие бола бастады. Қазір өңірімізде тұратын сандаған ұлт өкілдері бұл мерекені бірігіп қарсы алады. Оның үстіне, биылғы Наурыз біздің өңіріміз үшін ерекше қуаныш ала

келді. Күні кеше ғана қос палатаның бірлескен отырысында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев бұрынғы Жезқазған облысының аумағында жаңа – Ұлытау облысы құратынын мәлімдеді. Бөркімізді аспанға ата қуандық. Бұл аймағымыздың экономикасына ғана емес, әлеуметтік әлеуетінің артуына, өңірімізде туризмнің дамуына оң ықпалын тигізетін болады. Ұлыстың ұлы күні қарсаңында осындай жақсы жаңалықтың келуі – аймағымызда ұлы істердің басталатынын айғағы. Қуанышымыз ұзағынан болмай.

Наурыз – бірігу мен табысудың мейрамы. Ата-бабадан қалған ізгі мұраттар, жақсы жолдар жалғасын таба берсін! Нұрлы күндеріміз көп болсын!

Алаш ТҮРЛЫБЕК,
Сәтбаев қаласының
Құрметті азаматы,
енбек ардагері.



Еліміздегі тұрақтылық тұғыры бекемделіп, бақ-берекеміз арта берсін! Ұлы күні құтты болсын!

Әбдімәлік ТӘКШЕВ,
Ө. А. Байқоңыров атындағы
Жезқазған университетінің
ректоры, ҚҰЖҒА академигі,
техника ғылымдарының
докторы,
профессор.

БЕРЕКЕ мен МОЛШЫЛЫҚ ӘКЕЛСІН

Міне, Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мерекесі де келіп жетті. Дана халқымыз бұл мерекені еңсесі биік елдіктің, іргесі сөгілмес бірліктің, ырыс пен ынтымақтың бастау алар тұсына балайды. Шынында да, Наурыз мейрамы салт-дәстүріміздің, тіліміз бен дініміздің, жаңаруымыз бен жасампаздығымыздың үйлесімді дамуына себепші болуда.

Күн мен түн теңелетін, ырысы мол мереке біздің жандүниемізді шуаққа бөлейді, ой-ниетімізді таза арнаға бұрады. Бұл – кешірім мен мейірімнің, үміт пен сенімнің, ізгілік пен түсіністіктің мерекесі. Мындаған жылдардан бері халықпен бірге жасап келе жатқан Наурыз – біздің тарихымыздың, мәдениетіміздің, салт-дәстүріміздің, жалпы руханияты-

мыздың шынайы көрінісі, қайнар бұлағы. Бұл ұлық мереке қандай алмағайып кезеңде де өзінің мәнін жоғалтпай, елді табыстырып, бірлікке, ынтымаққа бастап келеді.

Жер бетінде кеңінен тойланатын Наурыз мейрамы біздің елімізде қазақстандық даму үрдістеріне сәйкес өзгеше сипатқа, ерекше мән, жаңа мазмұнға ие болды. Оны халқымыз жыл сайын жақсы жаңалықтың нышаны, бейбітшілік пен келісімнің нысаны ретінде күтіп, жалпыұлттық мерекеге айналдырды. Айтқанындай-ақ, Ұлыстың ұлы күні қарсаңында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына кезекті Жолдауын жариялап, елдің саяси дамуында болатын көптеген тосын бағыт-

тарды мәлімдеді. Бұл – барша қазақстандықтардың болашаққа деген сенімін нығайтып, үмітін үкілей түсті. Осы жаңалықтардан қарашаңырақ Қарсақбай жұртшылығы да жақсы өзгерістер, тың серпіндер күтеді. Елдің тұтастығы мен бірлігін, татулығы мен тыныштығын үлгі ететін жасампаз қадамдарға қарсақбайлықтардың да қосатын үлесі мол.

Наурыз мейрамы елге құт-береке әкелсін. Баршаңызға амандық-саулық, дастарқандарыңызға молшылық тілеймін! Ұлыстың ұлы күні Сіздерге игілік пен бақыт, бақ-дәулет, ырыс сыйласын!

Мұрат МӘТКЕНОВ,
Қарсақбай металлургия зауытының
директоры.



БИЛІК пен БҰҚАРА



Жөн-ақ, Есеп бере ме, кездесе ме әйтеуір әкім-қаралар атқарған жұмыстарын дұрыс саралап, өзекті мәселелерді сараптап, олардың шешілу жолдарын жүйелеп елге жеткізе білсе болды. Бірақ, Сәтбаев қаласының әкімі Асқар Ыдырысовтың жүйесі осы алғашқы кездесуде-ақ сыр беріп қалған сыңайлы. «Алғашқы» деп айдар тағып айтуымыздың да себебі бар. Кеншілер қаласының басшысы осы жылы елмен 8 рет кездесуі керек екенін өзі айтып өтті ғой. Сонымен...

БЕЙНЕБАЯНМЕН БЕРІЛГЕН ЕСЕП

Кездесуге келген елді Мемлекет басшысының Жолдауда мәлім еткен жағымды жаңалығымен құттықтаған Асқар Абылайұлы бүгінгі кездесу форматын да өзгертенін айтып, елді «е» дегізді. Ол сондай-ақ осы жиынға дейін «Қазақмыс» корпорациясына қарасты кеншілер мен өзге де құрылымдардың, іргелі мекемелердің жұмысшы-қызметкерлерімен кездесулер өткізгенін де тізбектіп шықты. «Бүгінгі кездесудің де басты мақсаты – Сіздермен конструктивті диалог құрып, көтерілген сұрақтардың шешімдерін табу» дегенде несің жасырайын ел бір серпіліп, қала басшысына риясыз көңіл де білдіріп жатты.

Бірақ, лепірген көңіліміз бейнебаянмен берілген 5 минуттық есептен кейін су сепкендей басылып қалды. Себебі бейнебаян бастауыш сыныбына көрсетілетін көрнекілік құралдың аржақ, бержағындағы дүние еді. Осыдан 4-5 жыл бұрын салынған «Нұрлымекен» шағынауданы мен сапасы жылға жетпей күйреп жататын жолдар, айта-айта

Үстіміздегі жылы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Әкімдердің халықпен кездесулерін өткізу туралы» Жарлыққа қол қойды. Соған сәйкес, сәрсенбінің сәтті күні Сәтбаев қаласының әкімі Асқар Ыдырысов Ш. Ділдебаев атындағы Кеншілер сарайында қала тұрғындарымен кездесті. Әкімнің өз сөзімен айтқанда мұндай шара енді жылына бір рет қана емес, бірнеше рет өтетін болды. Және ол жиын есеп беру емес, тұрақты кездесу деп аталатын болды...

ЕЛ МӘСЕЛЕ КӨТЕРДІ,

АЛ, ӘКІМ ШАМДАНЫП ҚАЛДЫ. НЕГЕ?

жауыр болған кәсіпкерлік саласымен шектелген бейне есептен ел ештеңе түсінбегенін олардың таңданысты түрінен айқын аңғаруға болатын.

Бұдан соң әкім өзі өзекті деп таңбалаған алты мәселені құлағынан тізіп, оның шешілу жолдарын да шама-шарқынша тәптіштеді. Бұған қарап, сырттан келген біреу болса «Сәтбаев қаласында алты-ақ проблема бар екен. Неткен бақытты қала» деп таңданары ма еді...

ӘКІМ АЙТҚАН АЛТЫ ПРОБЛЕМА

Бірінші мәселе жылуға қатысты болды. Қала басшысы жыл сайын жылу мәселесі жиі көтерілетінін, жылу температурасы жылу қазандығынан қалыпты берілетінін, дегенмен қазандықтың шамасы қала өскен сайын жетпей жатқанын айтып, оның шешілуін де айтып өтті. Асқар Ыдырысовтың сөзіне қарағанда «Қазақмыс» корпорациясы қосымша қуаттылығы 60 Гккал-ны беретін бесінші қазандықты орнату мәселесін қарастырып жатыр.

Екінші мәселе көріз желісіне қатысты айтылды. Осы сұрақтың шешімін табу мақсатында ауқымды жоба қолға алынған. Жоба құны – 3,6 млрд. теңге.

Үшінші мәселе – тұрғын үй. Бүгінгі күні қала бойынша 2 мыңға жуық адам кезекте тұр. Соңғы екі жылда 114 пәтер берілген. Жақында 16 пәтерлі үй пайдалануға берілмек. Оған қоса, осы жылы 56 пәтерлі несиелік тұрғын-үй құрылысы басталмақ. Сонымен қатар 60 пәтерлі және 30 пәтерлі тұрғын-үйлердің жобалық-сметалық құжаттамалары (ПСД) әзірленуде. Жеке инвестордың есебінен үш 20 пәтерлі үй салынууда. Егер облыстық бюджет қолдау білдірсе, сол үйлерден кезектегі көп балалы аналар үшін пәтер сатып алынатын болады.

Төртінші мәселе – жер телімін беру. Ол мәселені шешу үшін биыл тағы бір

ірі жобаны іске асыруды қолға алынып отыр. Бұл – 8 ықшам ауданында 480 жер учаскесіне ауданилілік электр мен су желілерін тарту жобасы. Осы жобаны іске асырудың нәтижесінде кезекте тұрғандардың саны 40 пайызға қысқармақ.

Бесінші мәселе – ЖКЦ мен КСК жұмысы. Көп қабатты үйлердің тұрғындары жергілікті жағдайына, шаптыр мәселесіне, кіреберіс пен аулалардың тазалығына, қоқыстың уақытылы шығарылуына көңілі толмайды. Тариф мәселесінде де біршама наразылықтар бар. Бұл мәселелердің жалғыз ақ шешімі бар, ол – меншік иелерінің бірлестігін құру. Халық төрағаны өздері сайлап, әділет органдарында заңды тұлға ретінде тіркеліп, «бір үй – бір шот» қағидасы басты басымдыққа ие болады.

Алтыншы мәселе – азық түлік бағасы. Жыл басынан бері әкімдік қаладағы 150-ге тарта дүкендерді аралап, апта сайын мониторинг жүргізіп келеді. Азық-түлік дүкендері иелерімен 19 өнім түріне 15 пайыз үстемені ұстап тұру туралы меморандумдарға қол қойылған. Жыл басынан бері бағаның негізсіз өсуіне қатысты әкімшілікке түскен қоныраулар бойынша 62 сауда орындары кезектен тыс тексерілген. Нәтижесінде 35-ке жуық бұзушылық анықталған.

ӘКІМДІ НЕ ШАМДАНДЫРДЫ?

Айналасы жарты сағаттың мұғдарында қала әкімі өзінің 2021 жылғы атқарған жұмыстарын осылайша саралап шықты. Бір қарағанда бәрі жақсы. Бірақ, тұрғындарға көтерген мәселелерден атқарылған жұмыстардың тым мардымсыз, сапасының еш сын көтермейтін көрініп тұрды. Тұрғындар көтерген мәселелердің дені «Сәт-Тазалық» ЖШС қатысты болды. Жи-



налғандар ОСИ-ға көшу үшін «Сәт-Тазалықтан» қалған шіріген құбырлар мен тозығы жеткен вентиляторды қалай меншіктеріне алатындарын айтып дал болса, енді бірі жыл бойы тұрақты берілмей келген жылу мен суға 100 пайыз ақша төлеп отырғандарын, үзіліс болған уақыттардағы төлемдерді неге қайтармайтынын айтып налыды. «Әкім айтқан бағаны бақылауда жасалынып жатқан жұмыстар да әшейін әңгіме» дегенді алға тартқандар дүкендерде сүттің, ұнның бағасы әлі шарықтап тұрғанын, қанттың дүкен сөрелерінен жоғалып кеткенін айтып шағымданды. Қала жолдарының сапасын жылда айтып құлақтары сарсығанын, бұдан тиісті

қорытынды шығаратын кез келгенін де ашына айтысты.

Бір ғажабы, осы мәселелер әкімнің шамына тиді ме, микрофон ұстағандарға қабақ шытып, кейістік те білдірді. Көп балалы аналарға 100 процент жәрдемақы төленді деген ақпараттың жалғандығын айтқан аналардың жанықайы әкімнің қытығына тиді ме? Тіпті, балалар алаңы мен жолға қатысты мәселе айтқан жандарға қала басшысының «ондайды қайдан көрдіңіз, мекен жайын айтыңыз, нақтылы факті келтіріңіз» деп тықпақтағынына ел шын наразылығын білдірді. «Сіз өзі бұл қаланың басшысы емес, сырттан келген жан сияқтысыз ғой» деп ойларын ашық айтқандар да аз болған жоқ.

P.S.

Хоош. Сонымен әкім Асқар Ыдырысов елмен кездесті. Бұл жолғы кездесуде Асқар Абылайұлының көңіл-қошы болмады. Кездесу соңына қарай «Әкім неге шамданды екен?» деген ой бізді де мазалай бастады. Мүмкін мұның жауабын алдағы уақытта анықтап қалармыз.


Ізтай БЕЛГІБАЙҰЛЫ.

Сәтбаев қаласы.

– Амансыз ба, Қажеке? Қалыңыз қалай? Ұстаздар мерекесімен құттықтап, сізге сәлем берейін деп...
 – О, қарақтарым есен-саусыңдар ма? Үлкен рақмет! Ел-жұртың, ауыл-аймағың, әке-шешең тегіс аман ба?
 – Аллаға шүкір жүріп жатырмыз. Өздеріңіз? Тәтем жақсы ма, кішкентайлар аман-есен шауып жүр ме?
 – Шүкір айналайын, бәрі жақсы! Бір мезгіл хабарласып, елден сәлем жеткізгендеріңе алғыс айтамын. Көңілім көтеріліп қалды, Алла разы болсын!

Бұл біздің 2020 жылдың қазанында Ұстаздар мерекесіндегі соңғы тілдеуіміз екен. Енді қайтіп сіздің жарқын даусыңызды естімейтінімізді сол кезде қайдан білейін?! Денсаулығыңызды сұрағанымда «өзін білетіндей ғой, бір тұрамын, бір жатамын, әкетіп бара жатқан ештеңе жоқ» деген едіңіз. Жезқазғаннан қоныс аударғаныңыздан кейін тек телефон арқылы тілдесіп, хал-жағдайымызды сұраушы тұрушы едік. «Сәуір болмай, тәуір болмас» деп отырушы едіңіз. Сол сәуірде өзіңіз келместің кемесіне мініп, сағыныштың сағымына сіңіп кете бардыңыз...

Танертенгілік әдеттегідей оянып, балаларым-



дық, кейіннен елмен бірге біз де үйреніп кеттік. Бір күні университет өміріне қатысты шағын макалалар жазуға жұмсады. Ол кезде біздің университеттің бірқатар ұстаздары мен студенттері алғашқы құрылысшылар алаңында қардан мүсін жасауға ат салысып жатқан еді. Бір беттің жартысына толар толмас шимай-шатпағымызды имене алдына апардым. Қолына қызыл сиясын алған ол жарты бет материалды сау-тамтығын қалдырмай әбден сызды. Қағазымыз шимайланған сайын біздің ішіміз аурып, тыпырышып жүрміз. Сөйтті де жанына шақырып алып, әр тұсына ерінбей тоқталып, сөздердің қолданылу ретін, аясын жалықпай түсіндірді. Басында пардан кейін үйге қайтуға асығатын біз сол күннен бастап редакциядан шықпайтын болдық. Ауыл баласына компьютер де ол уақытта таңсық болатын. Мектепте информатика сабағында 45 минут анда-санда алдына отырғызып, ойын ойнатқаны болмаса, оның тілін сонша меңгердік деуге келмейді. Компьютерде мәтін теру, оны шығару, сурет жүктеу тағы басқа газетке қатысты дүниелерді осы «Ұлағатта» жүріп ұстазымыздың арқасында үйрендік. Кейіннен біртіндеп бет жасайтын бағдарламалармен де танысып, техникалық тұрғыда мүмкіндігімізді молайта түстік. Қысқасы біршама уақыттан кейін біз де ұлағаттықтардың қатарына қосылдық. Алғашқы курсты тәмамдаған соң,

Тоғанбай қажы Жезқазған облысы жабылған соң, бірнеше жыл «Дидар» телеарнасында «Төрт босаға», «Сөз. Жұмбақ. Саз» атты телебағдарламалар жүргізді, сол кездері Ө.Байқоңыров атындағы Жезқазған университетінде оқытушы болып қызмет атқарды, университеттің «Ұлағат NEWS» газетінің бас редакторы болып, журналистиканы тандаған жастарға бағыт берді, өмірден өздері тандаған мамандықтарына адалдық танытуға жол сілтеді. «Сөз. Жұмбақ. Саз» бағдарламасын әзірлеу жұмыстарына да бізді жұмылдырды. Өту барысында бастап жүргізушілікке дейін қамтып, бейнекамера алдында еркін сөйлеуге үйретті. Бағдарламамен өңірдегі ауылдарды аралатып, түсірілімге қатыстырды. Қысқасы, журналистің тірлігінің барлығын дерлік тындырдымыз тиянақтауға үйретуге тырысты. Кейін үшінші курсқа келгенде денсаулығына байланысты оқытушылық қызметінен бас тартты. Елордаға қоныс аударатынын да айтып жүрді. Қажекеге үйреніп қалғанбыз, сабаққа барғымыз келмей, белсенділігіміз сол кезде біршама төмендеп кетті. Сонда бізге «мен сендермен аяғына дейін біргемін, әрдайым тілеулеріңді тілеймін, босаңсымаңдар, сабақтарыңа уақытылы қатысыңдар. Көресіңдер, маман атанған күні жандарыңнан табыламын» дейтін. Айтқандай,



Бала болашағының ЖАНАШЫРЫ

Ана тілі мәртебе алмай тұрған уақыттың өзінде, қазақ тілді балабақша ашу мәселесімен айналысып, нәтижесінде үлкен жетістікке жеткен Қазақстан Республикасы білім беру ісінің үздігі, еңбек ардагері Шүкір Әбдіғалиқызы МОЛДАҒАЛИЕВА апамыз бүгінде 80 жасқа толып отыр.

1975 жылы Ұлытаудан Жезқазған қаласына қоныс аударғаннан кейін облыстық оқу бөлімінде қызмет атқарған бұл кісі, 1978 жылы «Қазақмыс» корпорациясының балабақшасына меңгеруші болып қызметке ауысады. Ол кезде балабақшалар тек бір тілде ғана тәрбие беретін. Жалғыз балабақша емес, жаппай орыс тілділік белең алған уақыт. Шүкір апайдың қолындағы Ерке анасының «кешке сен келгенше мен үйде орыстармен отырамын» деген сөзі апамызға үлкен ой салады. Орыс дегені – сол тілде шүлдірленген немерелері болатын. Бұл «шалақазқтардың ортасында отыру» тек бір үйге ғана емес, көп қазақтың шаңырағына тән жағдай еді. Балалардың болашағына алаңдаған апамызды не істеуге болады деген сан сауалдар мазалайды. Ойлана келе «Тіл тағдыры – ел тағдыры» деген даналық сөзді ту еткен Ш. Молдағалиева Республикалық мұғалімдер білімін жетілдіру институтына курсқа сұранып, Алматыдағы бірен-саран қазақ балабақшаларының іс-тәжірибесімен танысып, өзіне керек мәліметтерді жинап қайтады. Ең алдымен, қаланың барлық орыс тілді балабақшаларының дайлық топтарына қазақ тілі сабағын енгізу мәселесі алға қойылып, оны жүзеге асыра бастайды. Одан кейін қазақ балабақшасын ашу туралы ұсыныс қолдауға ие болады.

Қаншама төгілген тердің, Шүкір апаның тікелей белсенділігінің арқасында 1989 жылы 1 қыркүйекте тұңғыш «Балауса» қазақ балабақшасы ашылады. Қазақ тілді тәрбиешілерді, басқа да мамандарды табу, орыс тіліндегі материалдарды қазақ тіліне аудару т.б. толып жатқан мәселелердің түйінін шешу де оңайға түспегені айдан анық. Сол уақыттағы жас ата-аналардың өзі ата-баба, салт-дәстүр мәселесінен бейхабар, ана тілінде сөйлей алмайтын. Балабақша тәрбиешілерінің балаға күні бойы тілге бауылған еңбегі бағаланбай, үйде баламен орыс тілінде сөйлесетін ата-аналармен тығыз байланыса отырып жұмыс жүргізу де оңайға түспей, үлкен қажыр-қайратты талап етті. Еңбек еленіп, ата-аналардан, халықтан алған алғыс одан әрі шабыттандыра түседі.

Шүкір апамыздың бастамасымен, балабақша тәрбиеші-мұғалімдеріне арналған әдістемелік көмек көрсету мақсатындағы «Парасат» атты тәжірибе алмасу орталығы құрылады. Аппаның әр жұмасы «Имандылық күні» деп бекітіліп, адамгершілік педагогикасының сан-салалы тақырыбын халықтық педагогика негізінде бала ұғымына сіңіру мақсатында талай тер төгілген. Ұлттық психологияда тәрбиелеуді басты мақсат етіп қойған балабақшада қазақ ертегілерін сахналайтын кішігірім «Қуыршақ бөлімі» де ашылып, қаланың басқа балабақшаларының балаларын қуанытып, қойылым қойылады. Балабақша балаларын педагогика училищесінің ұстазы Рымбек Жарқынбеков музыкаға баулып, «Бәйшешек» атты ансамбль балаларды қорғау күнінде қазақша салынған өндерден халық алдына шығып, құлақты елең еткізер өнер көрсетіп, қошеметке ие болуында да апамыздың еңбегі зор.

Балаларын «Балауса» балабақшасына әкелушілер саны көбейіп, қазақ балабақшасына деген сұраныс арта түседі. Қалалық оқу бөлімі, құрылыс тресі өздерінің қазақ балабақшаларын аша бастайды. Олардың барлығына тәжірибе беретін орталық «Парасат» клубы мен «Балауса» балабақшасы болған.

Кенестер одағы ыдырамаған, еліміз тәуелсіздік алмаған, қазақ тілі қоғамы құрылғанға, тіл туралы заң қабылданбаған уақытта, өзі партия мүшесі бола жүріп мақсатына жеткен Шүкір апаның еңбегі көзсіз еңбек деуге әбден болады.

Облыстық, қалалық «Қазақ тілі» қоғамының алқа мүшесі бола жүріп, жокты тауып, қиындықтарды жеңе білген апамыздың азды-көпті еңбегі бағаланып, «Қазақстан білім беру ісінің үздігі» белгісімен марапатталады.

Жүрегі ізгілікке толы, өмір бойы еңбектеніп, адал еңбегінің зейнетін көріп отырған, өмірде өзіндік қолтанбасы бар Шүкір апаны мерейтойымен құттықтап, баянды ғұмыр кеше беріңіз деген тілегімізді жеткізіміз келеді.

А. НУРИДИНОВА,
 құжаттарды ғылыми пайдалану, жариялау және мемлекеттік қызмет көрсету бөлімінің жоғары санатты архивісі.

ОЙСЫРАП ТҰР КӨҢІЛДЕГІ ОРНЫҢЫЗ...

ның ас-суын қамдап жатқаным сол еді, ұялы телефон шыр ете қалды. Нағашымның қызы екен хабарласқан. Амандық-саулықтан сон:

– Тәте, естідіңіз бе? – деді.
 – Нені, тыныштық па?
 – Ұстазыңыз Тоғанбай қажы дүниеден озыпты. Жаңа ғана фейсбуктен көрдім... Сылқ ете қалдым. Сол қас-қағым сәтте «кеше ғана тілдескенде жарқын-жарқын сөйлесіп еді ғой, мүмкін емес. Қанқу әңгіме болса екен» деп ойым сан-саққа кетіп үлгерді. Ішім алай-дүлей күйде жалма-жан әлеуметтік желіні парақтадым. Көп іздетпей-ақ, әріптесі Базаргүл Үмбетованың жариялаған көңіл айту мәтіні фотосуретімен алдымнан шыға келді. Әрі-сәрі күйде отырып, өткен өмірім көз алдымнан тізбектелгендей болды.

Он бірінші сыныпқа көшіп, мәселе болашақ мамандық таңдауға келгенде «журналистикаға түсемін» деп айтып жүретінім үйдегілерге. Сол сәт туып, 2003 жылы Өмірхан Байқоңыров атындағы Жезқазған университетіне оқуға құжат тапсырдым. Ол кезде тестілеумен қатар, шығармашылық емтиханнан да өту керек. Сөйтіп не керек, бас-аяғы қос сынақтан 96 балл жинадым. Біз оқуға тапсырған жылдары грантпен қатар, кредит те бөлінетін. Кредитке түсуге 2 балл жетпей журналистикада оқимын деген арманымның құл-паршасы шықты. Көп балалы отбасынан шыққанмын, шешем ақылы негізде оқыта алмайын деп кесіп айтты. Салым суға кетіп, оқуға түсе алмай ауылға қайттым. Ол кезде сыныптастар жиі бас қосамыз. Әңгіме арасында әркім тандаған мамандығын, жинаған балың, қай университетке құжат тапсырғанын да жарыса айтып жатады. Ондай кезде әңгімеден қашпақтап, сырт айналып кететінім. Сөйтіп бір күні үйге марқұм туған апам Камшат келе қалды. Дастархан басында шешем: «Дәл осы Меруерт оқымай қалады деп ойламап едім. Шамам келгенше ертеден қара кешке дейін жұмыста жүріп, бәріңді оқыттың. Алдыңғыларын бітіріп, соңындағыларды жетектейді деп ойлайтын ем. Қатарының бәрі оқуға кеткенде мұның ауылда қалатыны жаныма батады» – деді. Жарықтық апам намысшы, мақсатпен еді, шешеміздің сөзі батып кетті ме, «танертен автобуска шық, ақылы негізге құжат тапсырамыз» дегеннен басқа артық ештеңе айтпай жиналып кетіп қалды. Бәрі аңтарылып отырды, ал, менің қуанышымда шек жоқ. Осылайша құжат тапсырудың соңғы күні ЖезУ-дің журналистика бөліміне ақылы негізге қабылданып үлгердім. Содан 2003 жылдың қыркүйегінде университетке оқуға келдік. Бір топқа 8 бала қабылданған екенбіз. Бірте-бірте бір-бірімізбен танысып, сабақ кестесіне сай парларға қатысып жүрміз. Кезек журналистикаға кіріспеге де жетті. Ұстазымыз – Тоғанбай Құлманов. Папқасын құшақтай дәрісханаға кіріп, асықпай жайғасты. Көзімен бәрімізді шолып өтіп, аты-жөнімізді кезекпен сұрай бастады. Таныстығымыз тәмамдалған соң, «БАҚ» дегеніміз не? – деді. Тегіс тосылып қалдық, Сегізміздің де жауабымыз адам басындағы бақ төңірегінде болды. Бәрімізге «2» қойды да, бұқаралық ақпарат құралдары, – деді. Қарапайым жауапты білмегенімізге бір қызарғанымыз бар. Осылайша, университеттегі оқуымыз жалғаса берді. Бір күні ұстазымыз «парға қатысып, үйге қайтқанды қойыңдар! Олай жалғастыра берсеңдер ертең сендерден жақсы маман шығуы екіталай. Университет газетінің редакциясына бас сұғып, жұмысына араласыңдар» – деді. Айтылған сөз арасында тиіп-қашып редакцияға барып жүрдік. Барды дегеніміз болмаса, жарытып ештеңе тындырмадық. Бұл жүрісімізді ұнатпаған ұстазымыз Тоғанбай Құлманұлы бір күні бәрімізді редакцияға жинады. Ұжыммен таныстырды, материалдық-техникалық базаны көрсетті. Ұжымда бәрі ол кісіні Қажеке деп атайды екен. Басында үл-үлкен адамға қалай Қажеке дейміз деп қысыл-



Тоғанбай Құлманұлы мені редакцияға тілші қылып жұмысқа алды. Оқи жүріп, жұмыс істеу мен үшін сол кезде үлкен жетістік болатын. Газеттен бөлек, бірқатар авторлардың кітабын құрастырып, басуға да үйретті. Өзі редакторлық ете жүріп «ертеңгі күні болашақтарыңа керек болады» деп бізді көп іске жұмылдырды. Кейіннен тырнақалды туындыларымызды топтастырып, жастардың «ЖезУ жауқазындары» жинағына да кіргізуге сеіптің тигізді.

Әлқисса, Тоғанбай Құлманұлы Құлманов 1953 жылы 27 шілдеде Жезқазған, Қарсақбай өңірінде дүниеге келді. Орта мектепті бітіргеннен кейін Қарсақбай, Жезқазған мыс қорыту зауыттарында балқытушы болып еңбек етті. 1985 жылы Қазақ мемлекеттік университетінің Журналистика факультетін «Журналист» мамандығы бойынша бітірген ол 1977 жылдан 1993 жылға дейін Жезқазған облыстық телевизия және радио хабарларын тарату комитетінің редакторы, аға редакторы, бөлім меңгерушісі, бас редактордың орынбасары болып қызмет атқарды. Обителерадиокомитетінде 1986 жылдан діл, дін, тіл және қоғам туралы мәселелерді талқылап, келеді ой қозғайтын, араб және төтенше жазу әріптерін үйрететін арнайы сабақ жүргізілген «Жұмадан жұмаға дейін» танымдық, сараптамалық тележурналдың ұйымдастырушысы әрі жүргізушісі болды. Ұзақтығы – 1 сағатты құрайтын «Жұмадан жұмаға дейін» тележурналы 5 жыл бойы үзбей апта сайын жұма күні эфирге шығып отыратын. Облыстық телеарнадағы әйел-аналарға арналған «Қамажай» телеклубының редакторы болды, әйел-ананың отбасындағы әрі қоғамдағы орнын айқындайтын бұл хабарды облыс жұртшылығы жылы қабылдаған еді. Ал өңірдің әлеуметтік-экономикалық жағдайы мен көрермендерді мазалаған сауалдарға жауап беретін, облыстық мекеме басшыларының тұрғындар алдындағы есебі деуге тұрарлық тікелей эфирде өтетін «Көкейкесті» бағдарламасын дайындап, үлкен жауапкершілікпен жүргізді. 1997 жылдан ел мен жер, ислам дінін насихаттайтын, теріс ағымның кемшін тұстарына сын айтатын, жамиятқа оң бағыт сілтейтін, дін мамандарын кенінен тартқан, намаз сабақтарын үйреткен «Төрт босаға», «Кәусар», «Тағлым» танымдық, насихаттық телебағдарламаларының авторы әрі жүргізушісі. Облыстық мешіттің бас имамы, Яхия қажы Абдоллаұлы Исмаиловпен «Парыз» айдарын Тоғанбай Құлманұлы жүргізді. Осы жылдар ішінде көпшілікке имандылықты насихаттайтын қаншама тұщымды әңгіме, ой саларлық сұхбаттар әзірленді.

ұстазымыз сөзінде тұрды, біз мемлекеттік емтихандарды тапсырып, дипломымызды қорғағанда да жанымызда болды. Бағыт-бағдарын беріп, дипломдық жұмысымызды жазуға мейлінше көмектесті. Ол кезде журналистикаға қатысты оқулықтардың қат кезі, өзінің жеке кітапханасынан редакцияға кітаптар арқалап әкеліп, дипломдық жұмысымыздың сапалы жазылуына ерек ден қойды. Нәтижесінде қос сынақтан да сүрінбей өтіп, дипломымызды аман-есен қолға алдық.

Кейін әрқайсымыз әр салаға кеттік. Қажеке елордаға қоныс аударғаннан кейін де жиі хабарласып тұрдық. Мен Астанада қызмет еткен жылдары демалыста үйіне шақырып, жиі әңгімелесетініміз. Рысжан тәтемнің берекелі дастарқанынан дәм татып, немерелерімен мәре-сәре болатынбыз. Ол кезде мен тұрмысқа шықпағанмын. Екеуара әңгіме арасында «Қыз баланың басты міндеті жар атану, бала сүю, сол жағын ұмытып кетпе, қызмет қай кезде де табылады ғой» дейтін. Кейіннен мен тұрмысқа шыққанда қатты қуанды, ақ тілегім ақтарып, батасын берді. Кішкентайлы болғанда да «немерелі болдыңыз» деп сүйінші сұрадым. «Тіршілік болса, айналайын, шаңырағыңа барып, құтты болсын айтамын, немерелерімді інесіп кетемін» дейтін. Өкінішке орай, тағдыр дегеніне жеткізбеді. Өкемдей ақылшы болған ұстазыммен танысып, дидарласу, сәлем беру бақыты менің балапандарыма бұйырмады. Қандай мәселе болсын, ашық айтып, ақыл сұрайтынмын. Мейлінше оң бағыт беріп, шын жаны аштитын. Көңіл хошын болмаған кезде қалжыңмен қағытып, еріксіз езуіне күлкі үйретіп. Ақ көңіл еді... Мейіран еді... Адал еді... Адам баласын еш алааламайтын. Бәрінің тек жақсылығын көруге тырысатын. Ақ сөйледі, ақ жүрді. Ары мен адалдығын бәрінен биік қойды. Алла алдындағы бес парызына да мейлінше берік болды. Сонысымен бізге үлгі болды, өшпес өнегесін қалдыра білді. Бақилық болғаныңызға әлі сене алар емеспін. Қимаймын. Сағынамын. Бір күні ұялы телефонмен шырылдап, өзіңіз қонырау шалатындай елеңдей беремін. Бірақ... Оның бәрі енді тәтті түс, қол жетпес арман болып қала бермек. Ендігі біздің қолдан келері естеліктерге иек артып, дұға бағыштау. Өзіңіз қалағандай атыңызға кір келтірмей, адам болып қалу қашанда. Арада қанша уақыт өтсе де, Сіздің жарқын бейнеңіз жүрек түкпірінде сақталып, үлгі-өнегеніз жадымызда мәңгі жаңғыратыны сөзсіз.

Меруерт НАУРЫЗБАЙ.

ҚАРҒАЙЫН ДЕСЕМ ЖАЛҒЫЗЫМ, ҚАРҒАМАЙЫН ДЕСЕМ ЖАЛМАУЫЗЫМ

Әңгіме аймақтағы қала құраушы кәсіпорын «Қазақмыс» туралы. Кез-келген мемлекет үшін ең үлкен құндылық адамның өмірі оның денсаулығы» деп басталады Атазаңымызда. Ал, шын мәнінде қалай? Мемлекетте халықпен санасса, оны құрметтесе заң талабы орындалады. Олай болмағанда барлығы жәй сөз жүзінде «атқарылады». Денсаулық деген өмір дегенмен тең. Ауруы асқынған адамның өмірі қысқа. Сонда Жезқазған аймағында түрлі аурулардың тууына себепкер болып отырған «Қазақмыс» кәсіпорны басшыларының бұл сұраққа неқұрайлы қарауын қалай түсінуге болады? Әрине, халыққа қастандықпен, қасақана дерт егін отыр деп айтуға болмас. Дегенмен, жерді, ауаны, суды ластау арқылы онкологиялық және де басқа қатерлі ауру түрлерінің аймағымызда өршуіне тікелей себепкер болып отырғаны көрсеткіштермен нақты дәлелденіп отырғаны да бүгінде ешкімге де құпия емес. Өздері де көп ретте мойындайды. Мойындайды да зиянды салдарын азайту үшін құжат түрінде түрлі жобалар жоспарлап, келелі кеңестерде жариялап та жатады. Орындамайтын болмаса, жоспарлаулары көп-көрім. Ал, кенді аймақтың халқы ауруымен алысын әлек...



Мысты аймақтың мысы да, білімі де бір басына әбден жететін атпал азамат Сағындық Қожамсейітов төрағалық ететін Жезқазған қалалық Қоғамдық кеңесі кезекті отырысын «Қазақмыс холдинг» ЖШС кәсіпорындарындағы қоршаған ортаны қорғау турасындағы нақты іс-шараларының орындалу барысына арнаған екен. Кеңес отырысына Жезқазған қаласының әкімі Қ.Әбсәттаров, Қарағанды облысы бойынша экологиялық департамент басшысы Қ. Мұсапарбеков, «Қазақмыс смэлтинг» ЖШС бас директоры Н. Нуриев, «Жезқазғантүстіметалл» ӨБ бас директоры Б. Баймұханов, «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС даму жөніндегі директоры Б. Қырықпашев, №1, 2 Жезқазған байыту фабрикаларының басшысы М. Бөрібаев және басқа да жауапты тұлғалар қатысты. Арнайы шақырылғаны айтылған «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС директорлар кеңесі төрағасының орынбасары А. Гайдин мырзаны көре алмадық. Шамасы Андрей Павловичті қаламыздың экологиялық ахуалы да, халқының денсаулығы да аса алаңдата қоймаған болуы керек...

Отырыс қоғамдық кеңестің экологиялық сараптама комиссиясының төрағасы Ж. Лекеровтың хабарламасымен басталды. Онда айтылған ақпарат кімнің де болмасын алаңдауын туғызатын көрсеткішке толы болды. Деректерге жол берелік:

– Сараптамада 2020 жылғы көрсеткіштер қамтылған. Бірақ қай жылды алсақ та айырмашылығы шамалы – деп бастаған Жүрсін Дүйсенбайұлы мәселені нақты сандармен, пайыздармен, көрсеткіштермен дәлелдей отырып, жан-жақты ашып көрсетті. Оның айтуынша кәсіпорынның қоршаған ортаны ластау көрсеткіштері жыл сайын жоғары деңгейде қалып келеді. Тіпті, кейбірі арта түскен. 2018-2021 жылдарда ауа сапасы өте нашар дерліктей жағдайда. Ауадағы күкірт диоксиді талапты шектен 5 есе, көміртегі оксиді 3,4 есе, азот диоксиді 2,7 есе, күкірт сутегі 18,3 есе, фенол – 3,7 есе, ал озон 1,8 есе артық екені анықталған. Топырақтың ластануы да төбе шашынды тік тұрғызарлықтай. Мысалы мырыш

– 8,1 есе, қорғасын – 7,5 есе, мыс – 19,9 есе, кадмий – 5,28 есе артық. Халықтың ауыз суы болып отырған Кеңгір су қоймасы бойынша текше метр судағы магний – 57 мг, темір 0,1 мг, яғни, су сапасы 4 класқа жатады екен. Экологияның осынша бүлінуіне тікелей әсер етуші «Қазақмыс холдинг» мыс қорыту зауыты, байыту фабрикалары, жылу электр орталығы сынды кәсіпорындары екені даусыз. Мысалы мыс зауытының тозығы жеткен күкірт қышқылы цехы.

– Осы цех экологиялық департамент бекіткен норма бойынша жылына ауаға 59 тн зиянды қалдықты жібереміз деп есеп береді. Ал, бірақ осы 59 тн дегендері күмән туғызды. Себебі күкірт газы мыстың өндіру көлеміне тікелей байланысты. Жезқазғандағы кәсіпорын жылына 184 мың тонна мыс өндіріп одан 111 мың тонна күкірт қышқылын алады. Ал, Балқаш зауыты осы көлемдегі мыс өндіргенде 700 мың тонна күкірт қышқылын алатынын көрсетуде. Айырмашылығы 6 еседі. Сонда Жезқазған мыс зауытының 600 тн күкірт қышқылы қайда кетіп жатыр?! – дейді Жүрсін Дүйсенбайұлы.

Мыс зауытының зияны осындай болса, байыту фабрикасының да онып тұрғаны шамалы екен. Ондағы мәселе пульпа қалдықтарымен байланысты. Қаладан бар болғаны үш шақырым ғана жердегі пульпа қалдығын жинайтын орын 1964 жылы консервацияға өткізілген. Оның мемлекет меншігі болуы себепті корпорация 1998 жылы әкімдікпен осы 24 гектар жерді жалға алып, пульпаларды өндірістік қажеттікке пайдаланған. Бірақ, өкініштісі талапқа сай зарарсыздандыру жұмыстарын жүргізбей ашық-ашық қалпында әкімдік меншігіне акті арқылы өткізіп жіберген. Тексермей, тергемей қабылдай салған әкімдік неткен кеңпейіл десейші.

Облыстық экология департаменті, қалалық әкімдік және «Қазақмыс» корпорациясы бұл сұраққа қайта оралып, пульпаның зиянын азайту шараларын аяғына дейін жеткізу керек. Оған сонша көп қаржы да кете қоймайтын сияқты. Ал, халықтың денсаулығына тигізетін зияны орасан зор, – дейді Ж.Лекеров.

Қала маңында пульпа қалдығын жинайтын екінші қойма да бар. Ол байыту фабрикасының меншігінде. Жалпы алаңы 788 гектарды құрайды. Оның 420 га ылғалды, 368 га құрғақ ашық алаң. Жылу электр орталығын ауаны ластау көрсеткіші төмен сұйытылған газға ауыстыру да өте өзекті тұрған мәселе.

Отырыс барысында жиналғандардың сұрағы негізінен «Қазақмыс Смэлтинг» ЖШС бас директоры Н. Нуриева қойылды. Мыс зауыттары мен байыту фабрикаларының Нұрахмет Қанатұлына қарайтын ескерсек, осылай болуы заңды да. Кенеске есеп беруге келген Н. Нуриев сөз басында қазақшаны енді үйреніп жүргенін айта келе орысша сөйлеуге рұқсат сұрап, келісімін алған соң орыс тілінде көсіліп сала берді. Талай жиналыста талқыға түсіп, тырнағын да іліндірмей дін аман шығып жүрген жырдылығы менмұдалап-ақ тұрған Нүрекен тығырқыра тірелген сөздерінде өзінің «Қазақмыстың» үйіп-төгіп берген бұрынғы уәделеріне сонша жауапты бола алмайтынын, себебі ол кезде басы болмағанын да айта кетуді ұмытпады. Ж. Лекеровтың жоғарыда айтылған баяндамасында «Қазақмыстың» құдайы Эдуард Огай мырзаға да күн тәртібіндегі мәселелер бойынша нақты сауалдар жолданғаны, бірақ одан ешқандай хабардың болмағаны мәлім болып еді. Сонда деймін-ау ұзақ уақыт басшы болғандары мемлекеттің заңдарын да, халық атынан



хабарласып отырған кеңесті де көзіне ілмесе, ал кейін келгендері бұрынғылардың уәдесін мойындамаса, сонда кім берді халықтың күткен жауабын? Осыдан соң ауа, су, топырақ зиянды болып қала бермегенде қайтеді? Халық ауырып, дертіне дауа, өзіне пана іздегенде сынаптай сығып жоғалатын бұл шіркіндерге енді не істесе болады?..

Сонымен Н. Нуриевтың айтуынша Жезқазған мыс қорыту зауытында күкірт қышқылы цехын салудың маңызылығын «Қазақмыс» жақсы білетін көрінеді. Бұрын ол туралы бірнеше мәр-

те берілген уәделердің неге орындалмағанын ол білмейді. Ал, 2019 жылы тез салып тастайық деп кірісіп жатқанда коронавирус деген пәле келіп қалыпты. Енді, міне, тәжтажал Украинаға атқан Ресей снарядтарынан әлсіреген соң цехты салуды қолға алыпты. Бір қызығы құрылыстың аяқталу уақыты деп 2025 жыл белгіленіпті. Не асықпай тұрып жасайық дегендері немесе оған дейін Н.Нуриевтың орнына басқа директор келіп қалар дегендері екенін айыру қиын болып тұр. Көреміз. Көнеміз.

Зиянды бөлінулерді тұтып ұстау үшін алты құрғақ сүзгі жұмыс істеп тұр. Жылына біреуін күрделі жөндеу үшін 300 млн. теңге бөліп отырмыз. Нәтижесінде ауаға кететін металдар азаюда. Мысалы, 2017 жылдары 17000-18000 тонна қорғасынды тұтып жинайтын болсақ, 2021 жылы 4395 тн жинадық. Оның 3281 тоннасын нарыққа шығарсақ, қалғаны өтпей қоймада тұр, – дейді Н. Нуриев. Қаланың әр бұрышында қорғасын алу үшін ескі аккумуляторларды қабылдап жатқанын біліп отырғандар үшін бұл мәлімдеме тосын естілгені рас. Кейін қалалық ардагерлер Кеңесінің төрағасы М. Қазамбаев бұл ойын ортаға да салды. Орысшаға ағып тұрған «Қазақмыс Смэлтинг» ЖШС басшысының тағы бір айтқаны ауаны орасан ластап тұрған ЖЭО-ын көгілдір отынға көшіру турасында болды. Құлағымызды қуана тіге қалғанымызбен бұл жолы да үмітіміз

бір күрсіндік те тындық. Бас-аяғы үш сағатқа таяу уақытқа созылған отырысты сол қалпында қағаз бетіне түсіруді мақсат тұтқан жоқпыз. Осы жеткізіп отырған ақпараттан да біраз ой түюге болатын шығар деп ойлаймын. Ең бастысы «Қазақмыс» корпорациясы сияқты астамсыған компаниялар сол баяғы құрғақ уәделерінен көп өзгермегенімен қала халқының саяси серектігі, талап қою деңгейі үлкен өзгеріске ұшырауда. Оны күн сайын байқап көреміз. Осындай халыққа жаны ашығандықтан белсенділігін арттыра түскен азаматтар Кеңестің бұл отырысында да көкейкесті сұрақтарын қойып, халық атынан олардың орындалуын да талап ете алды. Аймақтың ақсақалдары Қадір Уңгітбаев, Марат Қазамбаев, Валентин Куприянов, Валерий Фомин және тағы да басқа ел жанашырлары ойларын ортаға салды. Қай кезде де халықтың талап-тілегіне талмай, қашпай ашық ақпаратты беріп келе жатқан қала әкімі Қайрат Бектайұлы бұл жолы да ештенені бүгіп қалмады. Қазақмыстықтар жауырды жаба тоқығысы келген тұстардың жауабын өзі беріп, мәселелерді жан-жақты талқылауға ат салысты. Осы орайда әр жылдары «Қазақмыстың» басшылығында болған жергілікті ер-азаматтардың аймақ тұрғындарының қабырғасына батқан мәселелердің шешілуіне тиісті деңгейде атсалыса қоймағандықтарына таң қалмасқа амал жоқ. Осы жиынға бастан аяқ қатысқан даму жөніндегі директоры Бактияр Қырықпашевтың да жанашыр бір сөзін естіп, әрекетін көрген жоқпыз. Бір мәрте орнынан тұрып сөз алғанынан дөмеленіп қалып едік. Онысы талқыға түсіп, таланып жатқан Нуриевты құтқару әрекеті ғана болып шықты. Сондағы Бөкеннің бар айтқаны «Біраз айтылды ғой. Қалған сұрақтар бойынша тағы бір жиналармыз» дегені сайды...

Әрине далада жатқан ақша жоқ. Мәселені шешуге қомақты қаржы керек. Дей тұрсақ та адамның денсаулығы мен өмірін ақшамен есептеу қаншалықты дұрыс. Жер қойнауындағы қазба байлық мемлекетке, яғни, халыққа тиесілі. Оны өндіру барысында сол аймақтың қарапайым тұрғындары зардап шегеді. Өңірімізде онкологиялық, жүрек-қан тамырлары ауруының түрлері жыл сайын жасарып әрі өршіп барады. Себебі ішкер су, жұтқан ауа, басар топырақ ұланып, ластанған. Солай болуына негізгі себепкер «Қазақмыс» корпорациясы. Кенді өндіріссін демейміз. Өндірсін. Тек халыққа залаын тигізбесін. Тигізсе жоюға көмектессін. Барлық өркениетті мемлекетте осылай жасалып отыр. Қазақстанның, Жезқазғанның жазығы не?

Әнуар ОМАР.

ТАҒЛЫМДЫ ДА ТАРТЫМДЫ КЕШ

Қай заманның болсын мұғалімі алдымен ұлы Абайдың «Ұстаздық еткен жалықпаса, үйретуден балаға» дегендей, тәлім-тәрбие ісінен жалықпайтын, шығармашылығы мол еңбекшілі, парасатты азамат болуы керек. Өйткені, баланы өзіне тарта алатындай шын тәлімгерлігі бар адам ғана ұстаз деген атаққа ие бола алады. Сондықтан, қазіргі заман мұғалімі өз пәнінен білімі ғана болып қоймай тарихи танымы мол, педагогикалық-психологиялық сауатты, жан-жақты әрі өнерлі болуы тиіс.

№10 жалпы білім беретін мектебінде көктемнің шуақты мерекесі 8 Наурыз – Халықаралық әйелдер күніне орай «Екі жұлдыз» ән байқауы өтті. Мектептің талантты оқушыларын жарыққа шығарып, мұғалім мен оқушылар арасындағы қарым-қатынасты нығайту мақсатында ұйымдастырылған іс-шара көпке көтеріңкі мерекелік көңіл күй сыйлады. Байқау қорытындысы бойынша бас жүлде халқымыздың ән қазынасындағы баянсыз махаббатты жырлаған «Құсина Қорлан» әнін шырқаған бастауыш сынып мұғалімі, жас маман – Айдана Накупова мен

8-сынып оқушысы Айханым Шамұратқа бұйырды. Қатысушылардың әннің шығу тарихын сахналық қойылым түрінде ұсынып, Айханымның ән әуенін қобыздың үнімен жеткізуі көрермендерге ерекше әсер етіп, тіпті жанарларына еріксіз жас келді.

1-орынды «Көкжиек күн сәулесін таратқанда, бақыт бар көрінбейтін әр ақ таңда» деп елге алғысын айтып әндеткен казак тілі және әдебиеті пәнінің мұғалімі, «Жыл мұғалімі» байқауының жеңімпазы – Жұлдыз Молдабекова мен 9-сынып оқушысы Нияз Камаладиұлы иеленді. 2-орынға екі жастың



сәтті махаббат оқиғасын ұтымды түрде ойластырылған папури әнімен жеткізген бастауыш сынып мұғалімі Ақтолқын Әбілқасымқызы мен 9-сынып оқушысы Өмірсерік Жанұзақұлы ие болды. Ал мектебіміздің әлеуметтік педагогы Гүлнұр Серікқызы мен 8-сынып оқушысы Рабия Дәрменқызы әр адамға жарық дүние сыйлаған, түн ұйқысын төрт бөліп аялап өсірген, баласына шексіз махаббатын сыйлаған Аналардың құрметіне «Аяулы ана» әнін шырқап 3-орын иеленді.

Сонымен қатар директордың шаруашылық ісі бойынша орынбасары Айнұр Әбдіқаримқызы мен

10-сынып оқушысы Ділаз Қуанышқызы «Жарасымды жұп» бойынша биология пәнінің мұғалімі Аманкүл Оразәліқызы мен 6-сынып оқушысы Мирас Төлеуғалиұлы «Көрермен көзайымы» номинациясын иеленді.

Қазақ халқы қашанда өнер мен өнерпазға кенде болмаған деген пікірді мектебімізде өткен байқау дәлелдей түскендей болды. Мектеп сахнасында сан жұлдыздың жарқырай көрінуі – бағының жанып, бабының келіскені деп ұғамыз.

Ақтолқын ЖАКЕНОВА,
№10 ЖББМ-тің мұғалімі.

Қош келдің, әз Наурыз!

ЖЫЛДЫҢ БАСЫ, ЖАҚСЫЛЫҚТЫҢ ЖАРШЫСЫ

Қытымыр қыс қанша қаһарланса да, күннен-күнге күшінен айырылып келеді. Кеш кірген қыстың ұзағырақ аялдайтынын білсек те, айналамызда әлі күнге күрткі қар жатса да, ерте көктемнің желі қыстағыдай ызғарлы емес. Әне-міне дегенше күн мен түн теңесіп, Табиғат-Анада жағымды өзгерістер орын алатыны белгілі...

Ескі көз қариялардың айтуынша, әз Наурыздың хабарын, яғни көктем жібелінен гуілді алдымен жұмақтан келген қой жарықтық еститін көрінеді. Тынығып жай жатқан қойлардың кенет бастарын көтерісіп алған оқыс қимылын қойшы байқайды. Көктем келген дыбыс жылдың жаңарғанын, алты ай қысты алты ай жаз басатынын білдіреді. Дәл сол мезетте балық аунап түседі екен, тышқан інінен шығып, айналасын барлап қайтады. Егер ол алысырақ барса, көктем жылы болады деп, ал ұзамаса, суық болады деп жорамалданған қазақ. Қар көбесі соғілген тау бөктерінде, далалы аймақтарда көктемнің алғашқы нышаны наурызгүл бой көтереді. Жуанның жіңішкеріп, жіңішкенің үзілер шағына титықтап жеткен ел табиғаттағы мұндай жаңалықтарды қуана қабылдайды. Себебі мұның бәрі ел Наурыз атап кеткен жаңа күннің белгісі болып табылады.

Ісі мұсылман халықтарының ықылым замандардан бері тойлап келе жатқан ұлық мерекесі Наурыз – жаңа жылдың басы, құт-берекенің бастауы. Жаңаның хабаршысы, жақсылық жаршысы әз Наурыз қазақ елі үшін қашан да қасиетті, киелі саналған. Жаңарған жылдың жақсылығынан үмітті әрбір адам алдымен пейілін түзеп, өз басын, үй ішін, қорақопсысын тазартып, жаңа киімдерін киіп, көрші қолаң, ағайын-туысты жаңа жылмен құттықтайды. Ер-азаматтар қос қолдасып амандасып, төс қағыстырса, әйелдер жағы құшақтасып, бір-біріне игі тілектер айтады, арнайы даярланған дастарқаннан дәм ауыз тиюге, наурызкөже ішуге

шақырады. Алтыбақан басында ән айтылып, күй тартылады. Дәстүрлі ұлттық ойындар (көкпар, аударыспақ, қыз қуу, алтыбақан, тең көтеру, т.б.) ойналады. Таң ата көпшілік биік төбенің басына шығып, атқан танды қарсы алады. Таң шапағын ақ тілеулі батамен қарсы алған ел алғаш рет соқа салады, жігіттер жағы бұлақ көзін ашып, ағаш егеді. Осы күні ауыл ақсақалдары араларына жік түскен бауырлас ел, руларды, ағайын, дос-жарандарды бір дастарқаннан дәм таттырып, табыстырған, жалғыз-жарым жетімдерді үйлендіріп, сауабын алған. Кембағал, мүгедектерді жақын туыстарының қарауына арнайы міндеттеп тапсырған. Жұтқа ұшырап қиналғандарға жылу жинап берген.

Бұл күні Самарқанның көк тасы ериді. Тіршілік түйткілдерімен бір-біріне өкпе артқандар «Самарқанның да тасы ериді ғой, сен тастан қатты емес шығарсың» деп татуласуға ниет білдіреді екен. Осы күні құл құрықтан, күн сырықтан құтыламын, аш тойынамын, жетім жадраймын деп үміттенеді. Хан мен қара бір дастарқан басынан дәм татып, бір-біріне тілек айтады. Бұдан жылды жаңарта келетін әз Наурыздың барша жақсылық пен игілік атаулының бастауы екенін көруге болады: ол – күн мен түнді теңгеретін жыл басы, ол – бірлік пен ынтымақ мерекесі, ол – кешірім мен татулық күні, ол – мейірімділік пен шапағат бастауы. ол – сауап жинап, Алланың ризалығына бөленетін мейіріл күні, ол – хан мен қараны теңестіретін теңдік мейрамы, ол – тіршілікке жан бітіріп, әлемді дүр сілкіндіріп оятатын сергектік шағы...



Аңыздар астары

НАУРЫЗ КӨЖЕ ҚАЛАЙ ПАЙДА БОЛҒАН?

Ұлы Даланы қоныстан, жыл маусымдарының қас-қабағымен санасып, аспан шырақтарын бағдарлап, төрт мүлік малды тіршілігіне тірек етіп, Тәңірге табынып құрметпен кешкен қошпелілер есте жоқ ескі заманнан бері наурыз айында күн мен түннің теңесер шағын жылдың басына балап, дүние тіршіліктің жаңғырар сәті екенін ұғып, сонысын кие тұтып, сол күнді Наурыз деп атаған. Неге? Егер аңыздарға құлақ түрсек:

Наурыз ата екі ағайынды болыпты. Өз кіндігінен ұрпақ болмапты. Ал інісінің балалары көп екен. Оларды Наурыздың кемпірі бауырына тартып, жақсы көріпті. Көктемнің алғашқы айының соңында, жуанның жіңішкеріп, жіңішкенің үзілер шағында ет, құрт, тары, бидай, кеспе (тұз бен суды қосқанда, кем дегенде жеті дәм) тағы басқа тапқан-таянғанын қосып, көже жасап, бәрін аузы-мұрынан шығара бір тойғызды екен. Наурыз ата мен кемпірі дүниеден өткен соң жыл сайын дәл сол мезгілде балалары Наурыз атаның үйінен ішетін көжесін сағынады. Сөйтіп әр үй жыл сайын атасының үйінің көжесіндей көже жасап, ағайын-туыстар бірін-бірі шақырып, бөлісіп ішеді. Наурыз атаны еске алысады. Келесі жылғы «Наурызда» осылай аман-есен көрісулерін, атасы секілді пейілі кең, ақжарқын адам болуларын тілеп, өзара мейірлесіп, ықылас білдірісіп тарасады екен. Осы салт бірте-бірте «Наурыз көже» атанып, дәстүрге айналыпты.



КӨНЕНІҢ КӨЗІНДЕЙ

Тамақтың бабын қазақтай жасаған халық жоқ шығар? Сондықтан да болар, оның жасалу технологиясын қатаң сақтай білгендіктен халқымыздың ұлттық тағамдарының қайсысы болмасын аса дәмді, денсаулыққа пайдалы. Алайда, сол халқымызбен бірге жасасып келе жатқан тағам түрлері бүгінде ұмыт болуға айналды. Наурыз мерекесі қарсаңында сол көненің көзіндей болған ұлттық тағамдарымызды ұрпақ жасадына қайта оралтуды жөн көрдік.

ҰМЫТ БОЛҒАН ҰЛТТЫҚ ТАҒАМДАР

Мәселен, қарын бөртпе туралы көп біле бермейміз. Аты айтып тұрғандай, бұл қарынға салынып пісірілетін ұлттық тағам. Оны пісіріп дайындау үшін жас ет туралады. Сүйектері ұсақталып шабылады. Сосын айналдырылған қарынға тұз, бұрыш, жуа қосылып, аузын мықтап буады да қазанға салып, суға қайнатады. Оның дәмі қазанға асқан еттей емес, дәмді, хош иісті әрі жұмсақ болады. Қарынның ішінде пісірілгендіктен өз нәрі өзіне сінеді. Бұл көделі тағамдар қатарына жатады.

Бұқпа – марқаның етінен пісірілген дәмді әрі жеңік тағамдардың бірі. Кейде бір үйге сирек келетін, шақырып келтіре алмайтын сыйлы азаматтар келіп қалады. Мұндай кісілерге бір тоқтының басын көрсетпесе, салт-дәстүр, жөн-жосық бойынша үй иесінің азаматтығына сын. Алайда, уақыттың тығыздығына орай сыйлы қонаққа бас тартылғанмен, пара-пар жеңік ас

бұқпаны ұсынған. Марқаның жіліктері мен омыртқаларын балтамен шауып, қазанға салынады, аздап су құйылады. Қазан беті тығыз жабылады. Ет өз буымен пісу керек. Кейде оның дәмін арттыра түсу үшін қаймақ қосқан.

Май шұрқан – бұл тағамды қазақтар семіз ет, құйрық, өкпе, бүйрек салып қайнатып, тұз салып, үстіне талқан немесе ұн, құрт қосып майлы тұздығымен жеген. Ол көбіне жорықта әзірленген. Май шұрқанды пешке салып та пісірген.

Бүгінде өзгелер «отбивной» деп атайтын тағам қазақтарда да болған.



Оны – «түймеш» деп атаған. Ертректе қазақтар соғымның сүр етінен түймеш, жентек, парша деген тағамдар жасаған. Ол үшін етті арнайы дөңбекке салып, ағаш балға, қолтоқпақ сияқты ұрғылармен жаншып етті ұсақтаған. Түймеш-телген етке бидайдың немесе тарының талқанын қосып, илеп қатырады.

Осыдан кейін барып, етті камырға салып түйеді. Міне, бұл тағамды қазақтар «түймеш» деп атаған. Оны көбіне ұзатылатын қызға түйдіреді. Келген құдалар қыздың түймешіне қарап, оның ұқыптылығын байқайтын болған.

ҰЛТТЫҚ ҰҒЫМ



КІНДІК ШЕШЕ

Несін жасырайық, бүгінгі ұрпақ өзінің кіндік шешесінің кім екенін білмейді. Тіпті кіндік шеше деген ұғымның өзі оларға жат. Ал, халқымызда кіндік кесу – мәртебелі, абыройлы іс болған. Байыпты әжелердің шешімімен кіндік кескен әйелге «кіндік кесер» кәдесі берілген. Бұрындары жүкті әйелдерді тәжірибесі мол аналар босандыратын болған. Олар саби жарық дүниеге шыққанда жыламаса құйрығынан шарт еткізіп ұрып, дауысын шығартып барып, кіндік кесуге қамданады. Кіндік шеше сол баланың анасы есепті құрметке ие болады. Өмірге келгелі жатқан сабидің кіндік шешесіне көргені мол, тәжірибесі бай, көпбалалы, елге сыйлы, мінезі жақсы, қолы жеңіл әйел таңдалады. Нәрестенің кіндігін кесіп, жерден көтеріп алып, жөргегімен анасына, ата-енесіне, күйеуіне көрсетіп, шаңырақты қуанышка бөлеген кіндік шеше саби қырқынан шыққанша оған қатысты жөн-жоралғылардың барлығын жасайды.

Қазақ дәстүрінде кіндік шеше мен кіндік әжеге ат мінгізген немесе үстіне камзол жауып, көйлек киізген. Баланың кіндігі түскеннен кейін де жасалатын халықтық ырымдар баршылық. «Елдің қорғаны болсын, үйкүшік болмасын» деп ер баланың кіндігін атшаптырым жерге апарып көмеді. «Қыз отбасының тірегі болсын» деп қыз кіндігін от орнына болмаса табалдырыққа көмеді. Қазақта «балам оқымысты болсын» деп кіндігін кітаптың арасына сақтап қоятын, «ат құлағында ойнаған шаңбандоз болсын» деп кіндігін аттың жалына байлайтын да ырым бар.

ТЕКТІЛІК ТӘРБИЕСІ

Нәресте шыр етіп дүниеге келген күннен бастап оған қатысты жасалатын ырымдар мен тыйымдар қаншама десеңізші. Тіпті, тектілік тәрбиесіне қатысты үлгі-өнегенің өзі ұшан-теңіз. Бүгін біз соның бірқатарын әңгіме етіп, ұрпақ санасына сіңіруді де жөн көрдік.

«АҚҚОЛДЫ АНА» ДЕГЕН КІМ?

Бұрындары қазақ әйелдері өз үйлерінде босанған. Бұл ауылдың үлкен әйелдері мен әжелері үшін айтулы шаруа болатын. Екі-кабат әйелдің толғағы басталысымен оның ата-анасы ауылда әйелдерді босандырып алып жүрген қолы жеңіл әйелге хабар беріп, шақыртып алған. Оған 3-4 әйелді көмекшілікке тағайындап, дайындық жұмыстарын жүргізген. Ең бірінші, әйел босанатын арнайы орын белгіленіп, арқан керілетін, от жағылып, су ысытылатын. Бала-шаға, әйелдің атасы мен күйеуі, қайын аға, қайнылары, жалпы сол үйдегі еркек кіндіктілердің барлығы басқа жерге жіберілген. Содан соң келінді босандырып алатын қолы егті әрі шиналы, ел аузында «ақжарқын ана», «аққол ана» атанған әйел өз жұмысына кірісетін.

Оның аққолды атануының себебі неде? Кей жағдайда бала теріс келіп, жас ана босан алмай қиналатыны бар. Сондай сәттерде қауіпті алдын ала сезетін сезімталдығы әрі сол қысылтаяң сәттен тез жол тауып шығатындығы үшін ондай жандарды «аққол ана» деп атаған.

«ЖАРЫС ҚАЗАН» ДЕГЕН ҚАЙДАН ШЫҚҚАН?

Келін толғатқан заматта әйелдер қазанға ас салған. Ондағысы «қазан қайнағанша бала дүниеге келсін», «толғағы жеңіл болсын» деп қазан мен толғақты жарыстырған. Бұның астарында әйелдің қазан қайнағанша аман-есен босануын тілеген тілек жатса, екінші жағынан жаңа босанған ананың сорпа-суы, әрі қуанышка жиналғандарға дайындалатын ас деп қарауға әбден болады. «Жарыс қазан» деген осыдан шықса керек.

Тағы бір айтарлығы, қазақ ешқашан да адамға «туды» деген сөзді қолдан-

Яғни, ол қазіргі гинекологтардың атқаратын қызметін атқарған. Мәселен, қолы егті «аққолды аналар» бала дұрыс келмеген жағдайда қойдың жақсылап жуылған ұлтабарын қолына киіп, теріс келген баланы оңынан келтіріп, келіннің аман-есен босануына мүмкіндік туғызған. Бір таңданарлығы, «табиғи қолғап» саналған жаңадан сойылған қойдың ұлтабары анаға да, балаға да зиян келтірмеген. Қазақ халқының кемелгерлігі сол, «аққолды ана» толғатып жатқан әйелдің аузына тары салған екен. Белі үзілдердей бебеулеп, ашы толғақтан әлсіреген келінге тары әрі нәр береді, әрі шайналған тары жақтың қарысып қалуына жол бермеген. Бір қызығы, аққолды аналар кіндік шеше болуға таласпаған, тек өз міндеттерін атқарған. Ана мен бала жағдайының жақсы болуын, сабидің дүниеге аман-есен келуін, түрлі қауіп-қатердің алдын алу және босанғаннан кейін де күтінуді жолдарын осы «аққолды аналар» қадағалап, ем-домын жасап, жас анаға ақыл-кеңесін беріп отырған.

Балбулақ

балалар мен жасөспірімдер беті



КЕДЕРГІСІЗ ҚОҒАМ

АРНАЙЫ КАБИНЕТ АШЫЛДЫ

Жарық дүниеге келмей жатып тағдыр талқысына түсіп, өмірден қағажу көріп жатқан балалар саны соңғы кездері артып барады. Білім беру жүйесінде даму мүмкіндігі шектеулі балаларға айрықша орын бөлінген. Мұндағы негізгі міндет – олардың әлеуметтік бейімделуіне, қоғамдағы толыққанды өмірге дайындалуына жағдай жасау және көмек көрсету. Осы мақсатта арнайы инклюзивті білім беру жүйесі де әзірленді. Және ол жыл сайын дамып, жаңғырып келеді.



Мүмкіндігі шектеулі балаларды жалпыға білім беру ортасына қарай бейімдеу 2002 жылдан басталды. Сол жылы Қазақстан ТМД елдерінің арасында алғаш рет «Мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік және медицина-педагогикалық тұрғыдан қолдау» туралы заң қабылданды. Осы заң аясында ерекше балаларға ерте бастан білім беру мәселесіне мән берілген. Оларды білім беру, әлеуметтік, медициналық тұрғыда қамтамасыз ету қарастырылған. Инклюзивті білім беру – мүмкіндігі шектеулі балалардың жалпы білім беретін мектептерде тең жағдайда бірдей білім алуына қолжетімділігін ұйымдастыру. Міне, осы жұ-

мыс Сәтбаев қаласында да жүйелі жүргізіліп келеді. Жұырда кеншілер қаласындағы №3 орта мектепте ерекше балаларға арналған психологиялық-педагогикалық түзету кабинеті ашылды. Мұнда жаңа туған нәрестелерден бастап 18 жасқа дейінгі психикалық дамуы тежелген, тірек-қимыл аппараты бұзылған, сөйлеу, көру, есту, ақыл-ой, аутизм спектрі бұзылған балалар көмек ала алады.

Мүмкіндігі шектеулі баланы дамыту және тәрбиелеу бойынша жеке ұсыныстарды логопед, психолог, дефектолог, тифлопедагог және басқа мамандар береді. Аталмыш кабинетте ерте жастағы балаларды (0-ден 3 жасқа дейін) және мектеп жасы-

на дейінгі балаларды психологиялық-педагогикалық қолдауға баса назар аударылады. Оңалту мерзімі үш айдан бір жылға дейін болады. Сабақтар жеке, сондай-ақ кіші топтық және топтық нысандарда өткізіледі. Ата-аналардың өтініші бойынша қашықтан кеңес беру форматын да қарастыруға болады.

Жыл сайын түзету кабинетінде дамуында ауытқулары бар 100-ден астам бала көмек алады. Психологиялық-педагогикалық түзету кабинеті Сәтбаев қаласы, Жетіс көшесі, 176 мекен-жайында орналасқан.

Суреттерде:
Психологиялық-педагогикалық түзету кабинеттері.

БІЛІМ ЖӘНЕ ТӘРБИЕ

«Sand Art» атауымен белгілі, құм арқылы жасалатын өнердің бүгінде кең танылған түрі – sand animation, яғни құмдағы анимация. Құмдағы анимация – астынан жарық шамдары жағылған шыны бетінде құмнан түрлі бейнелер салу. Құммен салынған бейнелердің қатысуымен тұтас бір оқиғаны көрсету.


ҚҰММЕН СУРЕТ САЛАТЫНДАР

Арт-терапияда кеңінен қолданылатын құммен сурет салу соңғы бір жыл көлемінде Жезді кентіндегі оқушылар үйінде де дамып келеді. Онда тәжірибелі ұстаз Сандуғаш Жайлыбаева «Құммен сурет салу» үйірмесінде балаларға құммен сурет салуды үйретеді. Ол шәкірттердің осы өнерге деген қызығушылығын оятып, баулып жүр.


– Негізі, құммен сурет салуға жанартаудан шыққан құм пайдаланылады. Өйткені, құм неғұрлым ұсақ, таза болса, сурет те соғұрлым анық, әсерлі, шынайы шығады. Әйтсе де біздің Жездіде жанартаудан шыққан құмды қайдан таппақпыз?! Сондықтан да біз осы өңірдің құмын жуып, тазалап, елеуіштен өткіземіз, – дейді Сандуғаш Серікқызы.

Жетекшінің айтуынша құммен сурет салу – бейнелеу өнерінің ерекше әрі жаңаша бағыты. Бастапқы кезеңде бұл өнер түрі мультфильмдердің, анимациялық фильмдердің сюжетін жасауда кең қолданылған. Осы өнерді игерем деуші адам үшін ең бастысы – шеберлік. Себебі суретшіден тек әйнек бетіне бейнелерді түсіріп қана қоймай, құмды сезіне білу қабілеті талап етіледі. Құммен сурет салу өнерінің тарихы ХХ ғасырдың 70-жылдары АҚШ-та бастау алған екен.

Енді міне, жезділік балғын бейнелеушілер де бұл өнерді сағылап меңгеріп келеді. Қазіргі аяқ алыстары да жаман емес. Оның балалардың «Ертегі әлеміне саяхат» деп аталатын мына жұмыстарынан да айқын аңғаруға болады.



Сезім ҚАНАТ, 5-сынып оқушысы



Айғаным ҚҰРМЕТ, 5-сынып оқушысы



Сабина ҚАСЫМ, 5-сынып оқушысы



Нұрай СЕЙТБАТТАЛ, 5-сынып оқушысы

СПОРТШЫ ӨРЕНДЕР

Ұшса құс қанаты, шапса ат тұяғы малатын кең-байтақ қазақ даласын ақ найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен сыртқы жаудан қорғауда өмірлерін құрбан еткен батыр бабаларымыз жекпе-жек өнерін жақсы меңгергенін тасқа қашалған тарихтан білеміз. Бабалардың сол батылдығы, батырлық қасиеті қанмен дарыған бүгінгі жас буын да жекпе-жек өнерінің қайсын болмасын жетік меңгеруге күш салуда.



Жалпы, еліміздің әр өңірінде айтулы спорт түріне әсіресе жас буынның айрықша қызығушылық білдіріп, асқан құштарлықпен айналысып келе жатқандығы көңіл қуантады. Спорттың бұл түрі Сәтбаев қаласында да кеңінен дамып келеді. Оған соңғы кездері өңірімізде өткізіліп жатқан жекпе-жек біріншіліктерінде топ жарып, кеншілер қаласының намысын қорғап жүрген жас өрендердің қатары көбейгенінен айқын аңғаруға болады. Наурыздың басында Қарағанды қаласында өткен жекпе-жек түрінен жас

ЖЕКПЕ-ЖЕКТЕ ЖЕҢІСКЕ ЖЕТТІ

жеткіншектер арасындағы облыстық чемпионатта да сәтбаевтық спорт өрендерінің бәсі басым болды.

Облысымыздың әр аймағынан келген жас жекпе-жек қатары көбейгенінен айқын аңғаруға болады. Наурыздың басында Қарағанды қаласында өткен жекпе-жек түрінен жас

жекпе-жекке шыққан Әлжан Рахат II орынды иемденді. Ал, Әділбек Кенжебек (97 келі салмақта) пен Ерасыл Куанышбеков (73 келі салмақта) III орын тұғырына көтерілді.

Жас жекпе-жек тарландарының жеңіс тұғырынан көрінуіне олардың бапкері Нұрқанат Куанышбеков көп еңбек сіңірді.

ҰЛТТЫҚ СПОРТ


САДАҚТЫ СЕРІК ЕТКЕНДЕР

Ықылым заманнан бері көшпелілердің иығынан түспеген, қазақтың дәстүр-салтымен біте қайнасқан қымбат мұра бар. Ол – садақ. Қазақ тарихында оқ пен жебені жанына серік етіп, құралайды көзге атқан мергендер әр заманда болған. Бірі адырнасын сайлап, аңға шықса, екіншілері соғыста жаудың бетін қайтарған.

Міне, солардың ізін қуып, садақты серік етіп, жақ тартып, жарысқа түсіп жүрген оғыландар Жезқазғанда да бар. 2022 жылдың 6 наурызда Қарағанды қаласында дәстүрлі садақ атудан өткен Республикалық ашық турнирге Малшыбай селолық №15 негізі орта мектебінің оқушылары қатысып,

жұлделі орындарға ие болуы соның айқын айғағы.

Қазақстанның түпкір-түпкірнен 150 спортшы қатысып, сұрмергендер бақ сынасқан бәсекеде 20 метрден «Фито» нысанасы бойынша жақ тартқан малшыбайлық оғылан Ерлік Наукенбаев I-орынды жеңіп алса, 10 метрден аталған ныса-



наны дәл көздеуден Әділ Кеңес 3-орын иеленді. Жарыс өте тарысты болды.

ҰРПАҚ САУЛЫҒЫ – ҰЛТ САУЛЫҒЫ

ОЙЫНШЫҚТЫ ДА ОЙЛАНЫП АЛЫҢЫЗ

Ойыншықты көбіміз баланың ермегі деп білеміз. Сөйтсеміз де, баланың қыңқылынан құтылу үшін, базардан арзанқол бірдеңе апере салуы жөн көреміз. Олай емес дейтіндер табылатын шығар. Бірақ шыны керек, көбіміз сондаймыз. Ойыншықтан келіп-кетер қауіптің барын сезбейміз де. Тіпті, ол туралы ойланып көрмегендер де бар шығар.

Алайда, мамандар балаларымыздың ойнап жүрген ойыншықтарының көбі қауіпті екендігін айтып дабыл қағуда. Олардың айтуынша, ойыншықтардың 36,6 пайызы балалар үшін зиян екен. Ең сорақысы, елімізге

әкелінетін ойыншықтардың 36 пайызға жуығы техникалық регламент талаптарына сай емес, оның ішінде бес пайызға жуығы зиянды заттардан жасалған болса, 95 пайыздан астамы заттанба ережелерін бұзған.

МЫНАЛАРДЫ САТЫП АЛМАҢЫЗ

Мамандар Қытай өнеркәсібінен шыққан «Карапуз» көпфункционалы қуыршағы мен «ЛАВА» ойыншығы, Ресейдің «АЭЛИТА» пластмасса өңдеу зауыты шығарған «Весенняя прогулка» жинағы, «Ого-нек» зауыты шығарған «Лягушка с лягушатками» пластмасса ойыншығы мен Беларусь елінен жеткізілетін «Циферка» ойыншығын сатып алмауға кеңес берді. Олардың құрамында рұқсат етілген көлемнен тыс формальдегид, фенол және стирол концентрациялары бар қауіпті токсикологиялық көрсеткіштер анықталған екен. Мұны баласының денсаулығын бірінші кезекке қоятын әрбір ата-ананың білгені абзал.

СӘБИ БОЛҒЫМ КЕЛЕДІ...

Қазіргі сауда орындарын ұстағандар тауар өткізудің түрлі айла-шарғысын қолданады. Арнайы ойыншық дүкендерін айтапағанда, азық-түлік дүкендері мен мини-маркеттерге бас сұға қалсаңыз

да алдыңыздан әуелі ойыншықтар сәресі шыға келеді.

Ал, базарлардағы сауда мүлдем бөлек. Мұндағы қызылды-жасылды ойыншықтардың көптігінен көз сүрінеді. Қуыршақ пен машиналардың түр-түріне қарап, бір сәт есейіп кеткендігіне өкініп қаласың. Самсаған ойыншықтардың ішінде қытайдың өнімдерінен көп нәрсе жоқ. Қазіргі мультфильм кейіпкерлерінің бәрі осында. Ең қызығы, кезінде сұранысқа ие Спанч Боб пен Шректердің, Барби мен Эльзалардың дәурені өтті. Бүгінгі балақайлардың көбі роботтан машиналарға айналатын трансформерлер мен сиқырлы трасса, тамақ ішетін Беби борн қуыршақтарын алғызады.

Бірақ, сол дүкендер мен базарларда самсап тұрған ойыншықтардың көпшілігі сапасыз. Тіпті тиісті құжаттары мен сертификаттары да жоқ. Мамандардың айтуынша, ереже бойынша, әрбір өнімнің сапасы, қауіпсіздігі туралы сертификаты не болмаса санитарлық қорытындысы болуы қажет. Әрбір ойыншықта маркасы, шығарған зауыттың аты, ел коды, мекенжайы туралы ақпарат көрсетілуі керек.

Алайда базарға барған қай ата-ана

ойыншықтың құжатын сұрап, сапасын тексеріп жатады дейсіз...

ТОБОТТАР БАР ДА ТОЛАҒАЙЛАР ЖОҚ

Ойыншықтардың зияны туралы айтқанда, оның құрамы туралы гана сөз қозғалады. Сынама жасалғанда да техникалық жақтары зерттеледі. Ал сол ойыншықтардың баланың денсаулығына гана емес, сана-сезімі мен жүйкесіне де зиян келтіріп жатқанын да қаперден шығармағанымыз жөн. Қазір Шрек, Тобот, Өрмекші адам, Эльза, Монстр Хайларды кез-келген дүкеннен кезіктіре аласыз. Бір өкініштісі, солардың қатарында сирек те болса не Толағай, не Алдар көсе жоқ. Барбилар бар да, Баяндар жоқ. Өкінішті-ақ, Осы орайда, елімізде ұлттық ойыншықтар өндірісіне көңіл бөлініп, ұлттық болмысқа тұнып тұрған қазақы ойыншықтарды дамыту, жетілдіру қажет екені айқын аңғарылып тұр. Солар арқылы да бүлдіршіндердің бойына қазақалық болмыстың дәнін егер едік. Өйткені ойыншық тек ермек емес, ойыншық – тәрбие құралы да. Ендеше, ойыншық алғанда да ойланайық!

Жезқазған қалалық сайлау комиссиясының Жезқазған қаласы Кеңгір ауылы әкімінің сайлауын тағайындау туралы Жезқазған қаласы Кеңгір ауылының әкімін сайлау жөніндегі сайлау округін құру туралы ХАБАРЛАМА

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық Заңының 113-1-бабына сәйкес Жезқазған қалалық сайлау комиссиясы 2022 жылдың 10 сәуіріне Жезқазған қаласы Кеңгір ауылы әкімінің сайлауын тағайындады.

2022 жылғы 10 сәуірге белгіленген Жезқазған қаласы Кеңгір ауылы әкімінің сайлауын әзірлеу мен өткізу жөніндегі негізгі іс-шаралардың бекітілген Күнтізбелік жоспарына сәйкес:

– әкімдікке кандидаттар ұсыну 2022

жылғы 12 наурызынан басталып, 2022 жылдың 25 наурызында жергілікті уақыт бойынша сағат 18.00-де аяқталады;

– әкімдікке кандидаттарды тіркеу 2022 жылы 30 наурызында жергілікті уақыт бойынша сағат 18.00-де аяқталады.

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық Заңының 14-бабының 6) тармақшасына, 21-бабының 4-тармағына, 22-бабына сәйкес Жезқазған қалалық сайлау комиссиясы Жезқазған қаласы Кеңгір ауылы әкімін сайлау жөніндегі сайлау округін – Кеңгір ауылының шекараларында Кеңгір сайлау округін құрды.

Жезқазған қаласының Кеңгір ауылы әкімінің сайлауын дайындауға және өткізуге тартылған ЖЕЗҚАЗҒАН ҚАЛАСЫНЫҢ САЙЛАУ КОМИССИЯЛАРЫНЫҢ ҚҰРАМЫ

Жезқазған қалалық сайлау комиссиясы

Жезқазған қ., Алаш алаңы, 1 (қала әкімдігі ғимараты)

Төраға – Б. Р. Битенова

Төраға орынбасары – Р. Ж. Алмағамбетов

Хатшы – Т. Е. Мацедон

Комиссия мүшелері: К. О. Исав, М. К. Тлеужанова, К. Д. Жанав, Ю. В. Акаемов

№ 237 учаскелік сайлау комиссиясы

Орналасқан жері – Жезқазған қ. Кеңгір ауылы, Школьная көшесі, 2-үй

(«Жезқазған қаласы білім бөлімінің Кеңгір ауылының № 2 жалпы білім беретін орта мектебі» КММ)

Төраға – Г. Ш. Аяшова

Төраға орынбасары – А. Г. Битенова

Хатшы – А. А. Мейрамова

Комиссия мүшелері: А. Х. Сызанова, С. С. Аманжолова, А. Б. Телгараев, К. Б. Мағзумов

№ 239 учаскелік сайлау комиссиясы

Орналасқан жері – Жезқазған қ. Теректі станциясы, 69

(«Жезқазған қаласы білім бөлімінің Теректі станциясының № 6 негізгі орта мектебі» КММ)

Төраға – Ф. Ә. Байжабақ

Төраға орынбасары – Т. О. Махамбетов

Хатшы – А. А. Наурызбаев

Комиссия мүшелері: Е. Б. Жетербасев, М. С. Алпысова

МАМАН КЕҢЕСІ

ТУБЕРКУЛЕЗ ДЕГЕНІМІЗ ҚАНДАЙ АУРУ?

Туберкулез – Кох бацилласы деген атпен танымал, туберкулез микобактериясын тудыратын жұқпалы ауру. Көбінесі (80%) өкпені зақымдайды, басқа ағзалардың туберкулезі сирек кездеседі.

Туберкулез қалай жұғады?

Туберкулез бактериялары ауа арқылы, сырқат адам жөтелгенде, түшкіргенде, сөйлегенде адамнан адамға жұғады. Сондай-ақ, туберкулез ауруы малдан да жұғады. Жұқтыру қаупі жоғары топқа жүкті әйелдер, бала емизетін әйелдер, балалар мен жасөспірімдер жатады.

Жұғу жолдары қандай?

- ауа арқылы
- тамақ арқылы
- тұрмыстық қарым-қатынаста болғанда

Туберкулездің алғашқы белгілері қандай?

- 2 аптадан аса жөтелу;
- тершендік;
- әлсіздік, тез шаршау;
- дене қызуының көтерілуінің ұзаққа созылуы;
- дене салмағының төмендеуі;
- кеуденің ауруы.

Жөтел 2 аптадан асса және жоғарыдағы аталған симптомдардың біреуі болса жедел түрде медициналық тексерістен өтіңіз.

Туберкулез тұқым қуалай ма?

Туберкулез тұқым қуаламайды. Бірақ, туберкулезбен ауыратын ата-ана дер кезінде емделмесе, аурудан сақтану ережелерін дұрыс сақтамаса, дертті баласына жұқтырып, баланың туберкулезбен ауруы мүмкін.

Туберкулезден қалай қорғанамыз?

Спецификалық қорғаныс – бұл БЦЖ вакцинациясы, ол бала дүниеге келгенде алғашқы 2-4 күндері және бала 1-сыныпқа барғанда, Манту сынама-сымен тексерілгеннен кейін жасалады.

Спецификалық емес қорғаныстар: салауатты өмір салты, жеке бастың тазалығын сақтау, құнарлы тамақтану, таза ауада серуендеу, суыққа шалдықтау, дене шынықтыру мен спортпен шұғылданду, алкоголь, темекі, есірткілерден аулақ болу, үйді таза ұстап, жуып-тазалап, жиі желдету, т.б.

Ауырып қалмағаныңды қалай ерте анықтаймыз?

Жас көлшеріне қарай туберкулезді ерте анықтау әдістері:

- Балалар үшін Манту сынамасы арқылы тексерілу (1 жасқа толған және 14 жасқа дейінгі)
- 15 жастан асқан ересектер үшін жыл сайын флюорографиялық тексеріліс.

Жөтел 2 аптадан асса және жоғарыдағы аталған симптомдардың біреуі болса жедел түрде медициналық тексерістен өтіңіз!

Өзіңізді және жақындарыңызды туберкулезден қорғаңыз!

Ж. БАЙБОСЫН

«Тильман» ЖШС дәрігер-эпидемиологы.

ҚАЗАҚ ТІЛІ – ТҰҒЫРЫМ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев халыққа Жолдауында қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретінде ролі күшейіп, ұлттаралық қарым-қатынас тіліне айналатын кезеңі келгенін айтты. Расында, бір тудың астында күн кешкен халықтың біртұтас ұлт болып қалыптасуы үшін мемлекеттік тілдің өз функциясын атқаруы – заңдылық.

Республикада мемлекеттік тіл ретінде бір ғана тіл – қазақ тіліне конституциялық мәртебе беріліп отыр. 1989 жылы 11 қыркүйекте қабылданған «Тіл туралы» Заңда «Тіл – халықтың ұлы жетістігі, әрі оның ажырамайтын және бөлінбейтін белгісі» делінген. Ал бірінші баптың бірінші тармақшасында «Қазақ тілі – Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі болып табылады» деп жазылған. Яғни, қазіргі таңда қазақ тілі Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі болып табылады. Қазақ тілі мәселесі мемлекеттік деңгейге көтерілген кейінгі жылдары бұқара жұртшылық та ана тілі үшін белсенділік танытуда. Бірақ әлі шешілмей жатқан түйінді мәселелер де баршылық. Халық тәуелсіздігінің ең басты белгісі – оның ана тілі, ұлттық мәдениеті жоқ ел өз

алдына мемлекет болып өмір сүре алмайды. Дүниедегі барлық халық тәуелсіздікке ұлттық қадір-қасиетін, мәдениетін, ана тілін сақтап қалу үшін ұмтылады. Сондықтан кез-келген мемлекет өзінің аумақтық салт-дәстүрін, ана тілін ерекше қорғайды.

Халқымыздың тарихы да, тағдыры да – тілінде. Мәдениеті мен әдебиеті де, ділі мен діні де – тілінде. Тіл – өткен тарихпен ғана емес, бүгін мен болашақты байланыстыратын құрал. Тегін ұмытпаған тілін де ұмытпайды.

М. ИБРАЕВА,
«Жезқазған қаласының ауданаралық сот актілерін орындау жөніндегі аумақтық бөлімі» филиалы мемлекеттік сот орындаушысы.

КЕҢГІР АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМІ ЛАУАЗЫМЫНА КАНДИДАТТАРДЫҢ НАЗАРЫНА!

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңының 28-бабы 3-тармағына сәйкес, «Сарыарқа» газетінің редакциясы ЖШС Жезқазған қаласы Кеңгір ауылы әкімінің сайлауына кандидаттардың (бұдан әрі – Кандидаттар) сайлауалды үгіт материалдарына ақылы негізде орын беретінін хабарлайды және сайлауалды үгіт материалдарының төмендегідей бағасы мен оларды газетке орналастыру шарттарын, орын беру тәртібін жариялайды:

- Ақылы материалдың көлемі шаршы сантиметрмен есептеледі;
- Газеттің бірінші бетіне орналастырылатын сайлауалды үгіт материалының көлемі 350 шаршы сантиметрден аспауы тиіс;
- Кандидаттардың сайлауалды үгіт материалдарына орын беру материалдардың редакцияға келіп түсуі ретінде қарай түзілетін кезек арқылы жүзеге асады.
- Үміткерлердің сайлауалды үгіт материалдарын орналастырудың әр шаршы сантиметрі үшін алынатын төлем мөлшері: 1-бет үшін – **300-500 теңге**; түрлі-түсті беттер үшін – **200-400 теңге**; ақ-қара түсті беттер үшін – **150-300 теңге**.

«Сарыарқа газеті редакциясы» ЖШС

КЕҢГІР ЕЛДІ МЕКЕНІ ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!

Мүлікті сатып алуға байланысты, 2022 жылғы 01 наурыздан бастап Кеңгір елді мекені тұтынушыларына сумен жабдықтау қызметтерін көрсетуді Жезқазған қаласының «Жылу және сумен жабдықтау кәсіпорны» АҚ (бұдан әрі – ЖСЖК АҚ) жүзеге асырады.

Бұрын жарияланған, Қазақстан Республикасы Азаматтық Кодексінің баптары тәртібінде, Жезқазған қаласында жеке тұлғалармен сумен жабдықтау қызметтерін көрсетуге арналған үлгілік шарт (жариялық) «ЖСЖК» АҚ мен Кеңгір елді мекені тұрғындары арасындағы құқықтық қатынастарға өз күшін таратады.

Кеңгір елді мекеніндегі тұтынушыларды сумен жабдықтау қызметтерінің тарифтері Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика

министрлігінің табиғи монополияларды реттеу жөніндегі Комитетінің Қарағанды облысы бойынша Департаментімен (бұдан әрі – ТМРҚД) бекітілгеннен кейін айқындалады және жарияланады.

Тарифтер бекітілгенге дейін, «УГАД» КММ үшін ТМРҚД бұрын бекіткен тарифтер қолданылады.

Кеңгір елді мекені тұтынушылары (заңды тұлғалар) жеке тәртіпте шарттар жасасу үшін «ЖСЖК» АҚ-на хабарласуын сұраймыз.

«ЖСЖК» АҚ әкімшілігі.

ЖАРАМСЫЗ ДЕП ТАБЫЛАДЫ

Гүлбану Тиншибековна Абдиеваның (15.05.1971 ж.т.) ЖСН 710515499023, жеке куәлік №041171748 атына берілген тегін жол жүру билетінің жоғалуына байланысты жарамсыз деп табылады.

ЕСКЕ АЛУ

Жан серігім Мұзараф АХАНҰЛЫНА

Төресі едің төрімнің,
Қызығы едің көңілімің.
Қарамай кетіп барарсың,
Бұйрығы келіп өлімің.

Өмірлік менің ақылшым,
Ел ісі десе батырсың.
Айқаса кетсе жеңетін,
Шындық пен арға жақынсың.



Көрсеттің жақсы үлгіңді,
Ұл, қызың саған жүгінді.
Тең ұстап әйел, ананды
Бекзаттығың білінді.

Басшы да болдың жаңашыл,
Халқыңа болдың жанашыр.
Мән бердің сұрақтарына
Қасиетіңнің бәрі асыл.

Халқыңның болдың сыйласы,
Жақынның болдың кимасы.
Белгілі ғой адамның,
Мәңгілік болып тұрмасы.

Қадамды басып асқарға,
Пана боп жүрдің жастарға.
Үлкенді сыйлап ағалап,
Қорғадың бермей басқарға.

Мінезі жайлы серігім,
Болаттан да берігім.
Отбасының ұйтқысы,
Тәртібі түзу ер едің.

Жаратқан алды асылды,
Көңілім жасып басылды.
Кеткенің бе төрер-ай,
Бір көтермей басылды.

Жайсам да құшақ айқарып,
Жаратқан бермес қайтарып.
Ұл менен қыздан тараған,
Ұрпағың өссін жайқалып.

Шет қалса та кей істен,
Күніміз жоқты кейіскен.
Жаратқан берсін мәңгілік,
Тұрағыңды пейіштен.

Шабал БЕЙСЕНБЕКҚЫЗЫ,
зайыбы,
«Құрмет» орденінің иегері,
КСРО ағарту саласының
үздігі, ардагер-ұстаз.

ЕСКЕ АЛУ

ҚҰРҒАМАЙДЫ ЖҮРЕКТІҢ АҚҚАН ЖАСЫ...

Ажал келсе қарамайды кәрі жасқа.
Тауқыметті түсінер пенде
түссе басқа.
Жапырағын енді ғана
жая бастағанда,
Соншалықты неге ғұмыры
болды қысқа?

Бұл өмірде өкініш көп дейтін
әттең.
Елуден жаңа асқанда кеткен әкен,
Бар ғұмыры бейнетпен өтседағы,
Өскенде балам, демалармын дейтін ертен.

Дархашым қырық беске де толмай кетті.
Көп сөйлемейтін бар арманы іште кетті.
Артында жылап қалды қалың жұртың,
Бала деген қазақтың бауыр еті.

Жоқтайды жылап бауырларын артыңдағы.
Қос ботаң – Дарын, Аман, Зерең қасыңдағы.
Көз жасты сүртсерсің бір құрғатып.
Құрғамайды жүректің аққан жасы!

Орны толмас бұл қаза баршамызға.
Қабыл болсын, құдайы деп айтамыз да.
Бір Алланың рахымы болсын болашақта,
Көңіл айтып жұбатқан баршаңызға.



Мұрат ҚАЗАМБАЕВ.

Өмір бар жерде өлім бар, ол хақ. Қаза бар жерде аза бар ол анық. Дегенмен мезгілсіз, тосын ажал қабырғаңды қайыстырып қажытады... Амал не. **Маратұлы Дархан** баламыздың фотоден бақилыққа аттанғанына жыл толуына орай **20.03.2022 ж. Жезқазған қаласы, «Тұран» дәмханасында сағат 12.00-де** құдайы берілетінін хабарлаймыз.

К СВЕДЕНИЮ НАСЕЛЕНИЯ с. КЕНГИР!

В связи с приобретением имущества, с 01 марта 2022 года оказание услуг по водоснабжению для потребителей с. Кенгир осуществляет АО «Предприятие тепловодоснабжения» г. Жезказгана (далее – АО ПТВС).

Ранее опубликованный, в порядке статей Гражданского Кодекса Республики Казахстан, типовой договор (публичный) на оказание услуг по водоснабжению с физическими лицами г.Жезказгана распространяет свое действие на правоотношения между АО ПТВС и населением с.Кенгир.

Тарифы на услуги водоснабжения для потребителей в с.Кенгир будут определены и опубликованы после их утверждения Департаментом Комитета по

регулированию естественных монополий Министерства национальной экономики Республики Казахстан по Карагандинской области (далее – ДКРЕМ).

До утверждения тарифов будут применяться тарифы, ранее утвержденные ДКРЕМ для КПП «УГАД».

Просим потребителей (юридических лиц) с. Кенгир обратиться в АО ПТВС за заключением договора в индивидуальном порядке.

Администрация АО ПТВС.

ДҮЙСЕНБІ 21 НАУРЫЗ

QAZAQSTAN

6:05 «Қош келдің, өз Наурыз!» Мерекелік концерт. 7:00 «Қыз Жібек». К/ф. 9:30 «Қажымұқан», «Наурызек». М/ф. 10:00 «Дениз». Т/х. 12:00 Балғынбек Имашевтың шығармашылық кеші. 14:00 «Арыстан патша». М/ф. 15:35 «Ауылдастар». 16:05 «Достығымыз жарасқан». Мерекелік концерт. 18:00 «Дениз». Т/х. 20:00 «Уақыт жолдары». К/ф. 21:35 «Ұлыс оң болсын!». Мерекелік бағдарлама. 22:30 «Жат мекен». Т/х. 23:30 «Ұлыс оң болсын!». Мерекелік бағдарлама. 1:00 «Ауылдастар». 1:30 «Наурыз-думан». Мерекелік концерт.

ХАБАР

5:00 Discovery: Сквозь червоточину с Морганом Фриеном. 7:00 «Таңғы хабар». 10:00 «Жаңа

күн – жаңа Қазақстан» телемарафоны. 12:00 «Музарт» тобының ән кеші. 14:00 Кино. «Селинка Сабина 2». 16:00 Телемафон «Жаңа күн – жаңа Қазақстан». 18:00 Кино. «Құдалар». 20:00 Қорытынды жаңалықтар. 20:30 «Ұлы дала үні» концерт. 21:00 Итоги дня. 21:30 Т/х. «Ән-аға». 22:30 «Түнгі хабар».

АСТАНА

06:00 «Белгісіз жан». 06:50 «Домашние войны». 07:20 М/ф «Маша и медведь». 09:20 «Қарындасым, қарлығашым». 11:20 «Ұлым». 12:20 «Сарай жауһары». 13:30 «103». 15:20 «Районы» Х/ф. 17:30 «Алдараспан». 19:00 Мейрамбек Беспас «Елге сәлем» концерті. 21:00 «Қара ниет». 21:55 «Қарындасым, қарлығашым». 23:50 «Сарай жауһары». 01:10 «Сулеймен Султан». 02:40 «Ұлым». 03:20 Мейрамбек Беспас «Елге сәлем» концерті. 05:00 «Ой мен ойын».

КТК

07:05 «Армысың өз Наурыз!» Мақпал Жүнісова мен Қайрат Нұрғатастың концерті. 09:00 «Аласқан қыз», өзбек т/х. 10:40 «Где моё кольцо? или операция гүлдер», комедия. 12:30 «Исчезающие следы». 15:10 «Родственные связи-2», мелодрама. 17:00 «Өн мен әнші». "Ар ма, өз Наурыз!". 20:00 "Озат отбасы", ток-шоу. 21:00 "Портье. мальчик на побегушках". премьера казахстанского кино. 23:00 "Гламур для дур". 00:30 «Исчезающие следы». 02:45 «Аласқан қыз», өзбек т/х. 04.00-04.30 "Мерекелік концерт"

7-АРНА

06:00 «Қуырдақ». 06:30 «Сәлем, Ұлы Дала». 08:00 Jaidatman. 09:00 «Измайловский парк». 11:00 Х/ф «Всё из-за мужикой!». 13:00 Т/х «Ағайынды». 15:20 «Оян, Qazaqstan» Music. 15:40 Сәлем, Қазақстан! 17:15 Х/ф «Аташка

ДИДАР

08:00 Таңғы жаттығу. 08:05 Док/фильм. 09:00 Мультфильм. 09:20 «Ән шашу». 09:45 Наурызға мерекелік құттықтау. 09:50 Д/ф «Ұлы жазушылар». 10:50 Наурызға мерекелік құттықтау. 10:55 «Ашынған ана» К/ф. 12:05 Дүниені дүр сілкіндірген күндер» Д/ф. 12:30 Наурызға мерекелік құттықтау. 12:35 «Төрт босаға» Спектакль. 14:00 «Көк айдаһар атты тостақ» К/ф. 16:00 «Еске алу». 16:15 Мультфильм. 16:25 Наурызға мерекелік құттықтау. 16:30 Т/х «Айналайын». 17:00 Т/х «Әке серті». 18:00 Наурызға мерекелік құттықтау. 18:05 «Түркістан-Яссы» Д/ф. 18:35

31-АРНА

06:00 Әзіл студия. 07:00 Ризамын . 07:30 31 әзіл . 08:30 М/с «Маша и медведь». 09:30 Драма «Три брата». 14:00 А/ф «Добрый Никитич и Змей Горыныч». 15:35 Боевик «16 кварталов». 17:45 Боевик «Неудержимые 2». 19:45 Боевик «Неудержимые 3». 22:15 Боевик «Попелуй дракона». 00:20 «Алдараспан». 02:20 Сериал «Базарбаевтар». 03:50 Әзіл студия. 04:30 What's up? 05:00 Ризамын.

СЕЙСЕНБІ 22 НАУРЫЗ

QAZAQSTAN

ҰЛЫСТЫҢ ҰЛЫ КҮНІ

6:05 «Қош келдің, өз Наурыз!» Мерекелік концерт. 7:30 «Ауылдастар». 8:00 «Ұлыс оң болсын!». Мерекелік бағдарлама. 9:00 «Күлтегің». М/ф. 10:00 «Ұлыстың Ұлы күні. Ән мен әнші». Мерекелік концерт. 12:00 «Арыстан патша». М/ф. 13:35 «Уақыт жолдары». К/ф. 15:05 «Ауылдастар». 15:40 «Ұлттық арнада – Ұлыстың ұлы күні!». Мерекелік жоба. 18:00 «Дениз». Т/х. 20:00 «Боксер». К/ф. 21:40 «Ұлттық арнада - Ұлыстың ұлы күні!». Мерекелік жоба. 0:00 «Ауылдастар. 0:30 «Қош келдің, өз Наурыз!». Мерекелік концерт.

ХАБАР

5:00 Кино. «Наурыз.kz». 7:00 «Таңғы хабар».

11:00 «Жаңа күн – жаңа Қазақстан» телемарафоны. 13:00 «Өнер барысы» мега жобасы. 18:00 Концерт «Ұлыстың ұлы күні». 19:30 Кино. «Аким». 21:30 Т/х. «Абай жолы». 22:30 «Түнгі хабар». 0:00 «Ұлы дала дауысы» концерт.

АСТАНА

06:00 «Белгісіз жан». 06:50 «Домашние войны». 07:20 М/ф «Маша и медведь». 09:00 «Қарындасым, қарлығашым». 11:20 «Ұлым». 12:20 «Сарай жауһары». 13:30 «Айтарым бар». 14:50 Тұрсынбек Қабатов концерті. 17:30 «Шаншар». 21:00 «Қара ниет». 21:55 «Қарындасым, қарлығашым». 23:50 «Сарай жауһары». 01:10 «Сулеймен Султан». 02:40 «Ұлым». 03:20 «Астана кеші көңілді» концерті. 04:00 «Шаншар».

КТК

07:05 «Мерекелік концерт!». 07:30 «Аманат», өзбек т/х. 09:00 «Аласқан қыз», өзбек т/х. 10:40

«Озат отбасы», ток-шоу. 11:40 «Гламур для дур», комедия. 13:10 «Портье. Мальчик на побегушках», комедия. 15:10 «Родственные связи-2», мелодрама. 18:10 «Мерекелік концерт». 18:30 «Ән мен әнші». "мереке карсаңындағы қарбалас". 20:00 "Ozат отбасы", ток-шоу. 21:00 "Женщина в беде", криминальная мелодрама. 00:20 "Родственные связи-2", мелодрама. 02:40 «Аласқан қыз», өзбек т/х. 04.00-04.30 «Мерекелік концерт"

7-АРНА

06:00 «Қуырдақ». 06:30 «Сәлем, Ұлы Дала». 08:00 Jaidatman. 09:00 «Измайловский парк». 11:00 Х/ф «Неделимое». 13:00 Т/х «Ағайынды». 15:10 Алтынбек Қоразбаевтың «Сәлем саған, Астана!» шығармашылық кеші. 17:20 «Измайловский парк». 19:30 К/ф «Базар жоқ, Мексика». 21:30 Т/х «Сәке 2». 22:30 Х/ф «Эскобар». 00:35 Азия&BAQAY топтарының «Опмай-опмай»

«Астана кеші көңілді». 04:10 «Айтарым бар». 05:00 «Ой мен ойын».

КТК

07:05 «Мерекелік концерт!». 07:30 «Аманат», өзбек т/х. 09:00 «Аласқан қыз», өзбек т/х. 10:40 «Озат отбасы», ток-шоу. 11:40 "Женщина в беде". 15:00 «Родственные связи-2». 18:00 «Мерекелік концерт!». 18:30 "Ән мен әншінің наурыз көжегі!". 20:00 «Ozат отбасы», ток-шоу. 21:00 "Женщина в беде-2". 00:30 «Родственные связи-2». 02:50 «Аласқан қыз», өзбек т/х. 04.00-04.30 «Мерекелік концерт"

7-АРНА

06:00 «Қуырдақ». 06:30 «Сәлем, Ұлы Дала». 08:00 Jaidatman. 09:00 Х/ф «Всё из-за мужикой!». 11:00 К/ф «Базар жоқ, Мексика». 13:00 Т/х «Ағайынды». 14:50 Сәлем, Қазақстан! 16:20

КТК

06:00 «Қуырдақ». 06:30 «Сәлем, Ұлы Дала». 08:00 Jaidatman. 09:00 Х/с «Женский доктор». 10:00 «Гадалка». 10:30 «Осколки». 12:30 «Q-елі». 13:20 Т/х «Бастық боламын». 14:20 Т/х «Серт пен сезім». 15:20 Т/х «Көзайым». 16:20 «Гадалка». 17:30 Х/с «Женский доктор». 18:30 «Айбат». 19:00 «Студия 7». 19:30 «Осколки». 21:30 Т/х «Сәке 2». 22:30 Т/х «Бастық боламын». 23:30 Т/х «Көзайым». 00:20 «Гадалка». 01:00 «Айбат». 01:30 «Студия 7». 02:00 «Оян, Qazaqstan» Music. 02:30 «Тамаша 7 км». 03:30 Т/х «Япырай». 04:00 «Айна-online». 05:00 «Қуырдақ».

7-АРНА

06:00 «Қуырдақ». 07:00 Jaidatman. 08:00 «Серт пен сезім». 09:00 «Женский доктор». 10:00 «Гадалка». 10:30 «Хорошие руки». 12:30 «Менің атым Арман». 13:20 «Бастық боламын». 14:20

КТК

06:00 «Қуырдақ». 06:30 «Сәлем, Ұлы Дала». 08:00 Jaidatman. 09:00 Х/с «Женский доктор». 10:00 «Гадалка». 10:30 «Осколки». 12:30 «Q-елі». 13:20 Т/х «Бастық боламын». 14:20 Т/х «Серт пен сезім». 15:20 Т/х «Көзайым». 16:20 «Гадалка». 17:30 Х/с «Женский доктор». 18:30 «Айбат». 19:00 «Студия 7». 19:30 «Осколки». 21:30 Т/х «Сәке 2». 22:30 Т/х «Бастық боламын». 23:30 Т/х «Көзайым». 00:20 «Гадалка». 01:00 «Айбат». 01:30 «Студия 7». 02:00 «Оян, Qazaqstan» Music. 02:30 «Тамаша 7 км». 03:30 Т/х «Япырай». 04:00 «Айна-online». 05:00 «Қуырдақ».

7-АРНА

06:00 «Қуырдақ». 07:00 Jaidatman. 08:00 «Серт пен сезім». 09:00 «Женский доктор». 10:00 «Гадалка». 10:30 «Хорошие руки». 12:30 «Менің

«Гадалка». 17:30 «Измайловский парк». 19:30 «Осколки». 21:30 Т/х «Сәке 2». 22:30 Х/ф «Финансист. Игра на вылет». 00:30 Х/ф «Конан-варвар». 02:30 «Тамаша 7 км». 03:30 Т/х «Япырай». 04:00 «Айна-online». 05:00 «Қуырдақ».

ДИДАР

08:00 Наурызға арналған мерекелік шығарылым. 08:30 «Таңғы жаттығу». 08:35 Док/фильм. 09:30 Т/х «Айналайын». 10:00 Наурызға мерекелік құттықтау. 10:05 «Ақыртас» Д/ф. 12:00 Т/х «Әке серті». 13:00 Наурызға арналған мерекелік шығарылым. 13:30 Наурызға мерекелік құттықтау. 13:35 Мультфильм. 13:45 «Бас аспаз-2» Фильм. 16:00 «Еске алу». 16:15 Мультфильм. 16:25 Наурызға мерекелік құттықтау. 16:30 Т/х «Айналайын». 17:00

«Серт пен сезім». 15:20 «Женский доктор». 16:20 «Гадалка». 17:30 «Көзайым». 18:30 «Айбат». 19:00 «Студия 7». 19:30 «Хорошие руки». 21:30 «24 часов». 22:20 «Бастық боламын». 23:20 «Көзайым». 00:20 «Айбат». 00:50 «Студия 7». 01:20 «Гадалка». 02:00 «Оян, Qazaqstan» Music. 02:30 «Тамаша 7 км». 03:30 «Япырай». 04:00 «Айна-online». 05:00 «Қуырдақ».

ДИДАР

08:00 «Весёлая разминка». 08:05 Док/фильм. 09:00 Мультфильм. 09:30 Т/х «Айналайын». 10:00 Наурызға мерекелік құттықтау. 10:05 «Сығанақ» Д/ф. 10:30 «Мен ішпеген У барма?» Спектакль. 12:00 Т/х «Әке серті». 13:00 Наурызға мерекелік құттықтау. 13:05 Д/ф «Өркеннет тарихы.Өзбекстан». 13:55 Наурызға мерекелік құттықтау. 14:00 «Бас жүзде» Фильм. 16:00 «Әке алу». 16:30 Т/х «Айналайын». 17:00 Т/х «Әке серті». 18:00 Наурызға мерекелік құттықтау.

Күлпәш». 19:30 «24 часов». 21:00 Шоу «Маска». 00:20 «Красавчик». 02:30 «Зын-зын Күлпәш». 04:00 «Q-елі». 05:10 «Қуырдақ».

ДИДАР

08:00 «Бүгін». 08:30 «Таңғы жаттығу». 08:35 Док/фильм. 09:30 Т/х «Айналайын». 10:00 Мультфильм. 10:30 «Ән шашу». 11:00 Д/ф «Голливудтың жарқын жұлдыздары». 11:30 «Айғаны» қысқаметражды фильм. 12:00 Т/х «Әке серті». 13:00 «Бүгін». 13:30 «Берен болат құпиялары» Д/ф. 14:00 «Көксереке» К/ф. 16:00 «Еске алу». 16:30 Т/х «Айналайын». 17:00 Т/х «Әке серті». 18:00 «Бүгін». Сурдоаударма. 18.15 Д/ф «Әлемдегі мәдени байлықтар» Аргентина. 18.35 «Еске алу». 19.05 Мультфильм. 19.20 «Қазақ вавилоны» Д/ф. 19.45 «Телебалпан». 19.55 «В гостях у сказки» Спектакль. 20.30 «Бүгін». 21.00 «Салтанат» сазды бағдарламасы. 21.30 «Транс-бирский экспресс» К/ф. 23.30 «Бүгін».

31-АРНА

06:00 Әзіл студия. 07:00 Ризамын. 07:30 Инфобюро. 08:30 М/с «Маша и медведь». 10:00 Драма «Паутина лжи». 13:00 М/с «Тимон и Пумба». 13:50 Боевик «Петля времени». 16:30 Кино. «13 район». 18:30 Т/х «СеняФедя». 20:00 Информбюро. 21:00 Турецкий сериал «Үшқан ұя». 21:55 Индийский сериал «Анупам». 23:30 Триллер «Собственность дьявола». 01:40 Индийский сериал «Ханшайым». 02:20 Сериал «Базарбаевтар». 03:50 Әзіл студия. 04:30 What's up? 05:00 Ризамын.

БЕЙСЕНБІ 24 НАУРЫЗ

QAZAQSTAN

6:05 «Қазақ даласының құпиялары». Д/ф. 6:25 Ақпарат. 7:00 «Taisholpan». 10:00 Ақпарат. 10:10 «Дениз». Т/х. 12:00 «Ауыл мұғалімі». Т/х. 13:00 Ақпарат. 13:10 «Қызық екен...». 13:50 «Теледәрігер». 15:00 Ақпарат. 15:15 «Көңіл толқыны». 16:00«Тойхана». К/ф. 17:00 Ақпарат. 17:10«Тойхана». К/ф. 18:00 «Дениз». Т/х. 20:00 Ақпарат. 20:35 «Ashyq алаң». 21:30 «Ауыл мұғалімі». Т/х. 22:30 «Жат мекен». Т/х. 23:30 «Шаншаруа». К/ф. 1:15 «Parasat maidany». 1:45 Ақпарат. 2:20 «Ауылдастар».

ХАБАР

5:00 Discovery: Сквозь червоточину с Морганом Фриеном. 7:00 «Таңғы хабар». 10:00 Кино. «Побег из аула. Операция Махаббат». 12:00 Д/ф.

«Павлодарская область. Сила и энергия». 12:40 Т/х. «Бәсеке». 13:00 Т/х. «Бөлелер». 15:00 «Большая неделя». 16:00 «Асыл қазына». 17:00 Т/х. «Тракторшының махаббаты». 18:00 Мегахит. «Точка невозврата». 20:00 Қорытынды жаңалықтар. 20:30 «Үкімет». 21:00 Итоги дня. 21:30 Т/х. «Абай жолы». 22:30 «Түнгі хабар». 0:00 «Наурыз келді, күт келді».

АСТАНА

06:00 «Белгісіз жан». 06:50 «Домашние войны». 07:20 М/ф «Маша и медведь». 09:00 «Қарындасым, қарлығашым». 11:20 «Ұлым». 12:20 «Сарай жауһары». 13:30 «Айтарым бар». 14:30 «Кочевник» х/ф. 17:00 «100% Махаббат». 17:30 Телехикая. 18:30 «Ене». 20:00 «Астана times». 21:00 «Қара ниет». 21:55 «Қарындасым, қарлығашым». 23:50 «Сарай жауһары». 01:10 «Кочевник» х/ф. 03:00 «Ұлым». 03:40 «Астана times». 04:40 «Айтарым бар». 05:20 «Ой мен ойын».

КТК

06:00 «Қуырдақ». 06:30 «Сәлем, Ұлы Дала». 08:00 Jaidatman. 09:00 Х/с «Женский доктор». 10:00 «Гадалка». 10:30 «Осколки». 12:30 «Q-елі». 13:20 Т/х «Бастық боламын». 14:20 Т/х «Серт пен сезім». 15:20 Т/х «Көзайым». 16:20 «Гадалка». 17:30 Х/с «Женский доктор». 18:30 «Айбат». 19:00 «Студия 7». 19:30 «Осколки». 21:30 Т/х «Сәке 2». 22:30 Т/х «Бастық боламын». 23:30 Т/х «Көзайым». 00:20 «Гадалка». 01:00 «Айбат». 01:30 «Студия 7». 02:00 «Оян, Qazaqstan» Music. 02:30 «Тамаша 7 км». 03:30 Т/х «Япырай». 04:00 «Айна-online». 05:00 «Қуырдақ».

7-АРНА

06:00 «Қуырдақ». 07:00 Jaidatman. 08:00 «Серт пен сезім». 09:00 «Женский доктор». 10:00 «Гадалка». 10:30 «Хорошие руки». 12:30 «Менің атым Арман». 13:20 «Бастық боламын». 14:20

мыздың темірқазығы» д/ф. 12:40 Т/х. «Бәсеке». 13:00 Т/х. «Бөлелер». 15:00 «Бүгін». 16:00 «Асыл қазына». 17:00 Т/х. «Тракторшының махаббаты». 18:00 Мегахит. «Стучак». 20:00 Қорытынды жаңалықтар. 20:30 «Үкімет». 21:00 Итоги дня. 21:30 Т/х. «Абай жолы». 22:30 «Түнгі хабар». 0:00 «Тойхана мен шайхана» мюзиклі.

АСТАНА

06:00 «Белгісіз жан». 06:50 «Домашние войны» сериал. 07:20 «Маша и медведь» М/ф. 09:00 «Қарындасым, қарлығашым». 11:20 «Ұлым». 12:20 «Сарай жауһары». 13:30 «Айтарым бар». 14:30 «Жау жүрек мың бала» Х/ф. 17:00«100% махаббат». 17:30 Телехикая. 18:30«Ене». 20:00 Astana times. 21:00 «Қара ниет». 21:55 «Қарындасым, қарлығашым». 23:50 «Сарай жауһары». 01:10 «Жау жүрек мың бала» Х/ф. 03:30 «Ұлым». 04:10 Astana times. 05:10 «Айтарым бар».

КТК

06:00 «Қуырдақ». 06:30 «Сәлем, Ұлы Дала». 08:00 Jaidatman. 09:00 Х/с «Женский доктор». 10:00 «Гадалка». 10:30 «Осколки». 12:30 «Q-елі». 13:20 Т/х «Бастық боламын». 14:20 Т/х «Серт пен сезім». 15:20 Т/х «Көзайым». 16:20 «Гадалка». 17:30 Х/с «Женский доктор». 18:30 «Айбат». 19:00 «Студия 7». 19:30 «Осколки». 21:30 Т/х «Сәке 2». 22:30 Т/х «Бастық боламын». 23:30 Т/х «Көзайым». 00:20 «Гадалка». 01:00 «Айбат». 01:30 «Студия 7». 02:00 «Оян, Qazaqstan» Music. 02:30 «Тамаша 7 км». 03:30 Т/х «Япырай». 04:00 «Айна-online». 05:00 «Қуырдақ».

7-АРНА

06:00 «Қуырдақ». 07:00 Jaidatman. 08:00 «Серт пен сезім». 09:00 «Женский доктор». 10:00 «Гадалка». 10:30 «Хорошие руки». 12:30 «Менің

ЖҰМА 25 НАУРЫЗ

QAZAQSTAN

6:05 «Қазақ даласының құпиялары». Д/ф. 6:25 Ақпарат. 7:00 «Taisholpan». 10:00 Ақпарат. 10:10 «Дениз». Т/х. 12:00 «Ауыл мұғалімі». Т/х. 13:00 Ақпарат. 13:10 «Қызық екен...». 13:50 «Теледәрігер». 15:00 Ақпарат. 15:15 «Көңіл толқыны». 16:00«Шыңырау». К/ф. 17:00 Ақпарат. 17:10«Шыңырау». К/ф. 18:00 «Дениз». Т/х. 20:00 Ақпарат. 20:35 «Ashyq алаң». 21:30 «Ауыл мұғалімі». Т/х. 22:30 «Жат мекен». Т/х. 23:30 «Әруақ». К/ф. 1:15 Ақпарат. 1:50 «Ashyq алаң».

ХАБАР

5:00 Discovery: Сквозь червоточину с Морганом Фриеном. 7:00 «Таңғы хабар». 10:00 Мегахит. «Точка невозврата». 12:00 «Тараз – тарихы

СЕНБІ 27 НАУРЫЗ

QAZAQSTAN

6:05 «Қазақ даласының құпиялары». Д/ф. 6:30 Ақпарат. 7:05 «Тайрул». 7:40 «Көңіл толқыны». 9:10 «Зінһар». 10:00 «Дениз». Т/х. 12:00 «Қазақ жігіттері». Ернар Айдардың концерті. 14:15 «Валд-и». М/ф. 15:40«Әруақ». К/ф. 17:25 «Әзіл әлемі». 18:00 «Дениз». Т/х. 20:00 Ақпарат. 20:30 «Másele». 21:00 «Qazaqstan дауысы. Балалар». 22:40 «Жат мекен». Т/х. 23:40 «Көңілашар». 0:40 Ақпарат. 1:00 «Másele». 1:40 «Зінһар».

ХАБАР

5:00 Discovery: Сквозь червоточину с Морганом Фриеном. 7:30 Т/с «Жібек». 8:45 «Өзін-өзі та

ну». 9:00 «XXI ғасыр көшбасшысы». 10:00 «Tangy fresh». 10:30 «Сенат асқакалов». 11:00 Кино. «Мұқағали». 13:00 Т/х. «Абай жолы». 16:00 Т/х. «Тракторшының махаббаты». 18:00 Хит жазамыз. 19:15 «Маска» 2-маусым. 21:00 «7 күн». 22:00 Мегахит. «Кловерфилд 10». 0:00 Нұрболат Абдуллиннің «Вальс» атты шығармашылық кеші.

АСТАНА

06:00 «Белгісіз жан». 06:50 «Домашние войны» сериал. 07:20 «Маша и медведь» М/ф. 09:00 «Қарындасым, қарлығашым».

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

«Saryarqa» газеті «Қыз өссе – елдің көркі» атты сұлулар байқауын ұйымдастырады. Байқауда 18-35 жас аралығындағы сәні мен сымбаты келісті, өз кәсібінде биіктен көріне білген нәзікжандылар бақ сынай алады. Әр ай сайын газет бетіне суреті жарияланған арулар арасында «Saryarqa» газетінің сайты мен фейсбук және инстаграм әлеуметтік желілерінде публикациялар жарық көріп, лүпіл (лайк) санымен жеңімпаз анықталады. Жыл соңында ең көп лүпіл жинаған сұлуларға жеуделі орындар тағайындалып, кәделі сыйлықтар табысталамын болады. Байқауға қатысушылар бет-әлпеті, бойы анық көрінетін сапалы фотолары мен өздері туралы қысқаша ақпаратты sa_jez@mail.ru электронды мекен-жайына немесе 8777 457 3172 уатсап нөміріне жолдай алады.

Қыз өссе – елдің көркі



Аяжан ТУРАЛЫ

22.11.2003 жылы дүниеге келген. Аяжан бала күнінен ән айтып, би билегенді жақсы көрді. Әлемге белгелі актриса болуды армандаған ол, осы мақсатпен Жезқазған музыкалық колледжіне оқуға түсті. Қазіргі таңда актерлік өнер бөлімінде 4-курста оқиды. Кәсіби маман атанбай тұрып-ақ жұлдызы жарқыраған Аяжанның талантын С. Қожамқұлов атындағы музыкалық және драма театрындағы режиссерлер байқап, бірнеше спектакльдерде ойнауға ұсыныс та білдірді. Осылайша тәжірибесі толыға түскен ол жуырда қаламыздағы Жастар театрына қабылданды.



Аружан САРГУЛЖИНА

14.07.2001 жылы өмірге келген ару қыз Аружанды сәнбике ретінде мысты шаһар тұрғындарының біразы жақсы таниды. Аудармашы мамандығын бітірген ол бүгінде ҚарУ-да психолог кәсібін меңгеруде. Аружанның онлайн дүкені бар. Бос уақытының басым бөлігін осы онлайн дүкенін дамытуға жұмсайтын ол болашақта мамандық бойынша да, жеке кәсіпкер ретінде де табысты жандардың қатарына қосылғысы келеді.

СӘУІР АЙЫНЫҢ НАМАЗ КЕСТЕСІ
(Жезқазған уақыты бойынша)

НАУ-РЫЗ	Апта күндері	Таң намазы	Күннің шығуы	Бесін намазы	Екінгі намазы	Ақшам намазы	Құтпан намазы
1	Жұма	05:40	07:05	13:36	18:04	20:02	21:27
2	Сенбі	05:38	07:03	13:36	18:05	20:03	21:29
3	Жексенбі	05:36	07:01	13:36	18:06	20:05	21:30
4	Дүйсенбі	05:34	06:59	13:35	18:07	20:06	21:32
5	Сейсенбі	05:31	06:57	13:35	18:08	20:07	21:34
6	Сәрсенбі	05:29	06:55	13:35	18:09	20:09	21:36
7	Бейсенбі	05:27	06:53	13:34	18:10	20:10	21:37
8	Жұма	05:24	06:51	13:34	18:11	20:12	21:39
9	Сенбі	05:22	06:49	13:34	18:12	20:13	21:41
10	Жексенбі	05:20	06:47	13:34	18:13	20:15	21:43
11	Дүйсенбі	05:17	06:45	13:33	18:14	20:16	21:44
12	Сейсенбі	05:15	06:44	13:33	18:15	20:17	21:46
13	Сәрсенбі	05:13	06:42	13:33	18:16	20:19	21:48
14	Бейсенбі	05:10	06:40	13:33	18:17	20:20	21:50
15	Жұма	05:08	06:38	13:32	18:17	20:22	21:52
16	Сенбі	05:06	06:36	13:32	18:18	20:23	21:54
17	Жексенбі	05:03	06:34	13:32	18:19	20:25	21:56
18	Дүйсенбі	05:01	06:32	13:32	18:20	20:26	21:58
19	Сейсенбі	04:58	06:30	13:31	18:21	20:27	21:59
20	Сәрсенбі	04:56	06:28	13:31	18:22	20:29	22:01
21	Бейсенбі	04:54	06:27	13:31	18:23	20:30	22:03
22	Жұма	04:51	06:25	13:31	18:24	20:32	22:05
23	Сенбі	04:49	06:23	13:31	18:25	20:33	22:07
24	Жексенбі	04:47	06:21	13:30	18:26	20:34	22:09
25	Дүйсенбі	04:44	06:19	13:30	18:27	20:36	22:11
26	Сейсенбі	04:42	06:18	13:30	18:28	20:37	22:13
27	Сәрсенбі	04:40	06:16	13:30	18:28	20:39	22:15
28	Бейсенбі	04:37	06:14	13:30	18:29	20:40	22:17
29	Жұма	04:35	06:12	13:30	18:30	20:41	22:19
30	Сенбі	04:33	06:11	13:29	18:31	20:43	22:21

Ахмет ишан Оразақұлы атындағы мешіт.

ҚАДІРЛІ ОҚЫРМАН!

Біз үшін елдің мүддесі, оқырманның тілегі басты орында. Осы мақсатта «Оқырман отауы» айдарын қайта жаңғырттық. Осыған байланысты қала, ауданның тыныс-тірлігіне байланысты талап-тілегіңіз туындаса, ұсыныс-пікіріңіз болса, тайсалмай айтыңыз, ірікпей жазыңыз! Ол үшін **Whatsapp** әлеуметтік желісінде арнайы

нөмір қосып отырмыз. Бұқараның базасына үн қатуға әрқашан әзірміз.
Байланыс нөміріміз 8(701)-118-88-08.
Қадірлі оқырман!
Аймағымыздың уақыт талабына сай алға басуы үшін әрқайсысымыз ат салысып, қалауымызды айтып, талабымызды қояйық. Шешілуіне де бірлесе жұмылайық.
Құрметпен, аймақтық «SARYARQA» газеті!

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

Құрметті ініміз Бекзат СЕЙТЖАНҰЛЫ!



Ата-баба қанынан нәр алған ұл,
Адалдық пен арманнан жаралған ұл.
Бойындағы мейірімі асып-тасып,
Маңайына шуағы тарған нұр.

Жылдар жылжып жүрекке иман толсын,
Шаңырағыңды айналып бақыт қонсын.
Ғасыр жаса, бауырым, сүрінбестен,
Отбасың, бауырларың аман болсын!

Елінің қабағына қараған ұл,
Қатты қайырым кәдеге жараған ұл.
Намысы от жалындай алаулаған,
Атымтай Жомартпенен пара-пар ұл.

Ізгі лебізбен,
Асқар Еркембайұлы – Тыныштық,
Қали-Майра, Қаратай,
Аққушше, Марат

Құрметті сыныптасымыз, Теректі ауылының тумасы Бекзат Сейтжанұлы ҰМБЕТОВ!



Сізді 50 жас мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймыз. Отбасыңызға амандық, деніңізге саулық тілей отырып:
*Ердің жасы елуге келіп тұрсыз,
Шынардай шың басына шығып тұрсыз.
Кернеген бойындағы күш қуатты,
Жан-жақты еліңізге беріп тұрсыз.*

Отбасы аман болып, бала-шаға,
Солармен кенеліңіз тамашаға.
Көгілдір көк аспанды елімізге,
Сіздердей ардақтылар жарасады.

Ақ тілекпен: Теректі ауылының 1989 жылғы түлектері.

Қадірлі досымыз, Теректі ауылының тумасы Бекзат Сейтжанұлы ҰМБЕТОВ!

Сізді 50 жас мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймыз.

*Өмір-өзен дегеніміз осы ма?
Жақсылардың еріп жүрген қасына.
Бекзатымыз өз-Наурызда кеп жатыр,
Ел айтатын елу – ердің жасына.*

Бекзатымыз – Теректінің тумасы,
Туған жерге тартып туған тұрасы.
Нары болсын, бары болсын елінің,
Жүзге келіп желікідеген шудасы.

Ізгі ниетпен: Рахман-Сәуле, Жұмабай-Сәуле, Бейімбет-Жанна, Айхан-Гүлжан, Ербол-Жанар, Нұрлан-Жансария, Нұрғас-Гүлза



Абзал көңілімен қашан көрсен езу тарта елімізде, жайдары қалпымен жанашырлық танытып жүретін Бекзат ҰМБЕТОВ биыл ердің жасы 50-ді еңсеріп отыр. Баладай адал, бағырдай аңғал кейіпмен айналасына дос пен сыйлас жаранды ғана топтастырған оны Жезқазған-Ұлытау аймағы айрықша құрмет тұтып, ерекше қадірлейді. Асыл жар атанып, ұл-қызын қанаттандырған Бекзаттың Атымтайдай жомарттығын, қолының ашықтығын ел аңыздай әсептеп, өзінен кейінгіге тамсана жеткізері сөзсіз. 50-ге толған ел ағасының аймақ баспасөзіне деген шынайы ізгі ниетін біз жақсы білеміз. Халқының әдебиеті мен мәдениеті, тарихына шексіз адал болып келе жатқан өндіріс саласының ерине біз де барша замандас қаламгерлер, іні-қарындастары атынан зор денсаулық, толағай табыс, бақытты ғұмыр тіледік.

Елің үйің аймадың барыңды,
Жеті өнер де өн бойыңнан табылды.
Қос жиырма бес қуатыңды еселеп,
Жаңа жасың құтты болсын жалынды.

Ізгі тілекпен: аймақтық «SARYARQA» газетінің ұжымы

НАУРЫЗ МЕЙРАМЫН МЕРЕКЕЛЕУГЕ АРНАЛҒАН ҚАЛАЛЫҚ ІС-ШАРАЛАР АФИШАСЫ

№	Іс-шараның атауы	Өтетін күні, уақыты	Өтетін орны
1	«Арқа аруы-2022» байқауы	17.03.2022 ж. сағат 17.00	Халықтар достығы мен мәдениеті үйі
2	Мектеп аралық дебат ойындары	17-18.03.2022 ж.	Қала мектептері
3	«Қол өнері – кілемде». «Дәстүр мен ғұрып» арнайы жобасы аясында музей қорында сақталған кілемдер көрмесі	18.03.2022 ж.	Жезқазған тарихи-археологиялық музейінің көрме залы. Ғарышкерлер бульвары, 26
4	«Ігі істер күні» аясында қайырымдылық акциялары	18.03.2022 ж.	Қайырымдылық акциялары
5	«Әз-Наурыз келді сімі!» – мерекелік кеш	18.03.2022 ж.	Қала оқу орындары мен мекемелері
6	«Қазақ халқының ұлттық ойындары» тарихи-танымдық сабақ.	18.03.2022 ж. Сағат 11:00	Жезқазған тарихи-археологиялық музейінің көрме залы. Ғарышкерлер бульвары, 26
7	Салт-дәстүр қонақжайы. «Наурызым – нұрлы ырысым», салт-дәстүр сағаты. Салт-дәстүрден көрініс. Нәресте баланы бесікке салу рәсімі.	18.03.2022 ж. сағат 12:00	С. Сейфуллин атындағы орталықтандырылған кітапхана. Жезқазған қаласы, Есенберлин к-сі, 9.
8	«Төрлет, Жаңа жылым – Наурызым!» «Шеге – шапан» (Дәстүр көле). Құда түсу рәсімінен көрініс	18.03.22 сағат 15:00	Кенгір ауылы кітапханасы
9	Салт дәстүр кеші. «Нұр себеле, Ұлыстың Ұлы күні!» Қорғанбай ауылының тұрғындарымен «Наурыз» мерекесін атап оту	19.03.2022 ж. сағат 12:00	Қорғанбай ауылы кітапханасы
10	Грек-рим күресінен 2007-2008 ж.т. жасөспірімдер арасында Жезқазған қалалық біріншілік	19.03.2022 ж. сағат 11:00	Спорттық сауықтыру кешені. Гагарин көшесі, 76-үй.
11	Мүмкіндігі шектеулі жандар арасындағы футболдан қалалық біріншілік	20.03.2022 ж. сағат 11:00	Спорттық сауықтыру кешені. Гагарин көшесі, 76-үй.
12	«Наурыз» мейрамы үш алаңда өтеді: Алаш алаңы: «Ұлыстың ұлы күні, Наурыз!» Мерекелік салтанатты бағдарлама: – Театрландырылған музыкалық хореографиялық қойылым; – Концерттік бағдарлама; – Мерекелік сауда-саттық; Алғашқы құрылысшылар алаңы: – Концерттік бағдарлама; «Наурыз» саябағы: – Концерттік бағдарлама; – Спорттық жарыстар (тоғызқұмалақ, қазақ күресі, гир тасын көтеру, қол күрес, шағын футбол, дойбы, садақ ату); – Мерекелік сауда-саттық.	22 наурыз сағат 11:00-ден бастап	Алаш алаңы, Алғашқы құрылысшылар алаңы, «Наурыз» саябағы
13	Көп балалы отбасыларға, әлеуметтік аз қамтылған отбасыларға арналған қайырымдылық акциялары	18-25 наурыз Жезқазған қаласы	Қала волонтерлары мен кәсіпкерлері
14	Концерт. Қуандық Рахым	24.03.2022 ж. сағат 19:00	Халықтар достығы мен мәдениеті үйі
15	Т. Қалмағанбетов атындағы Жезқазған филармониясы артистерінің қатысуымен концерт.	29.03.2022 ж. сағат 19:00	Халықтар достығы мен мәдениеті үйі
16	Концерт. Сәкен Майғазиев	30.03.2022 ж. сағат 18:00	Халықтар достығы мен мәдениеті үйі